

САРАПТАМА



ТРАМПҚА ҚАРСЫ
ҚАСТАНДЫҚ...

Саяси экстремизм америкалық демократиядағы дағдарыстың белгісі болуы мүмкін бе?

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №56 (6507) 16 шілде, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Мемлекет басшысы Ұлттық олимпиада комитетінің президенті
Геннадий Головкинді қабылдады

Бұған дейін «АҚШАМ-АҚПАРАТ» хабарлағандай, еліміздің Президенті XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына қатысатын Қазақстан құрама командасының мүшелеріне Мемлекеттік туды тапсыру рәсімінде үздіктердің үздігі бақ сынайтын байрақты бәсекеде ел намысын қорғау – абыройлы міндет екеніне тоқталып, оларға сәттілік тілеген болатын.

• XXXIII жазғы Олимпиада ойындары Франция астанасы – Парижде 26 шілде – 11 тамыз аралығында өтеді. Дүбірлі додада 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығы сарапқа салынбақ. Оған 205 елден 10 500 спортшы қатысады деп жоспарланған. Париж олимпиадасына спорттың 25 түрінен 80 жолдама жеңіп алған қазақстандықтар қазір соңғы оқу-жаттығу жиындарын өткізуде. Ұлттық құраманың алғашқы легі Алматыдан 17 шілде күні сапарға аттанады.

Кеше Мемлекет басшысының қабылдауында болған Ұлттық олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкин Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық құраманың Париж Олимпиадасына әзірлігі жөнінде мәлімет берді.

Геннадий Головкин ұйымның халықаралық бағыттағы қызметін үйлестіру шаралары, сондай-ақ салалық білім беру жобалары туралы баяндады. Оның айтуынша, ҰОК Халықаралық Олимпиада комитетімен, Азия Олимпиада кеңесімен және басқа елдердің осындай құрылымдарымен байланысты жандандырып жатыр. Сонымен қатар, Ұлттық олимпиада комитеті спортшылардың құқығын қорғауға бағытталған жобаларға баса мән беріп келеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

КӘСІП БАСТАҒАНҒА ҚОЛДАУ КӨП

Алматылықтар шағын және микро бизнесті дамытуға 2 млрд теңгеге жуық жеңілдікті несиеге ие болды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Алматы» ӘКК» АҚ еншілес ұйымы – «Almaty» МҚҰ» ЖШС жарты жыл ішінде Алматының шағын және микро бизнес субъектілеріне 1,9 млрд теңге сомасына 60 жеңілдікті несие берді. «Almaty Business–2025» бағдарламасы аясында бизнестің жаңадан бастаған және жұмыс істеп жүрген өкілдері істі дамыту үшін жылдық 2%, 6% (кепілді) немесе 12%* (кепілсіз) жеңілдікті мөлшерлеме бойынша несиеге ие болды. Ақша жабдықты, шикізатты сатып алуға, айналым қаражатын толықтыруға, бизнестің басқа да қажеттіліктерін жабуға бөлінеді.

МҚҰ-дағы қарыздың шекті сомасы 73 840 000 теңгені құрайды, мерзімі 7 жылға дейін. Биылғы жылы ең көп қарызды өндіріс және қайта өңдеу жобалары бар кәсіпкерлер алды – 32%, екінші орында – халыққа қызмет көрсету жобалары (13%), үшінші орында – денсаулық сақтау (12%). Одан әрі әлеуметтік және білім беру бастамаларын қолдау бар (әрқайсысы 10%). Сондай-ақ, креативті экономика, сауда, туризм және спорт жобалары қаржыландырумен қамтамасыз етілді.



«Алматы» МҚҰ» ЖШС 2019 жылдан бастап жұмыс істейді. «Almaty Business–2025» бағдарламасы аясында МҚҰ 2200-ден астам жаңа жұмыс орнын құра отырып, 540-тан астам шағын және микро бизнесті қаржыландырды. Қазіргі уақытта жеңілдікті қаржыландырудың жалпы сомасы 12 млрд теңгеге жақындап келеді», – деп атап өтті «Almaty» МҚҰ Басқарма төрағасы Алтай Исағамбетов.

Жеңілдетілген несиелеу туралы толығырақ +7 (727) 390-80-42 нөмірі арқылы немесе <https://mfoalmaty.kz/> сайтынан біліңіз. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі жеке есептеледі және жылдық 13%-дан аспайды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.07.2024

Түнде:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 18 м/с

17.07.2024

Түнде:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+30+32 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 18 м/с

www.almaty-akshamy.kz



ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ИНДЕКСІ

бес ай қатарынан оң аймақта тұр



Экономикадағы өсімді қамтамасыз ету жөніндегі жедел штаб отырысы өтті

Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровтың төрағалығымен өткен Экономикадағы өсімді қамтамасыз ету жөніндегі жедел штаб отырысында бірінші жартыжылдықтағы экономика салаларының даму көрсеткіштері қаралды.

Өткен жылмен салыстырғанда ақпарат және байланыс саласында (8,7%), құрылыста (8,6%), көлікте (7,3%) тұрақты өсімге қол жеткізілді. Айта кету керек,

биылғы бес айдың қорытындысымен салыстырғанда ауыл шаруашылығы, құрылыс және сауда салаларында өсу қарқыны жақсарғаны байқалады.

Нұрлан Байбазаров, биылғы іскерлік белсенділік индексі бес ай қатарынан оң аймақта тұрғанын атап өтті. Өңдеу өнеркәсібі нысаналы индикаторлар шегінде (5,1%-ға) өсіп келеді. Өңдеу өнеркәсібі салалары ішінде металлургия өндірісінің – 8,3%-ға, машина жасаудың – 9,4%-ға, химия өнеркәсібінің – 5,3%-ға, жиһаз жасаудың – 28,3%-ға, фармацевтиканың – 14,8%-ға өсуі қамтамасыз етілді. Өсімге отандық тауар өнді-

рушілерді қолдау шараларын жетілдіру нәтижесінде қол жеткізілген.

Қарастырылып отырған кезеңде 7,4 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Қолданыстағы жеңілдікті және жалға берілетін бағдарламалар мен жаңа тұрғын үй бағдарламалары («Отау», «Наурыз») шеңберінде 54,2 мың отбасы өздерінің тұрғын үй жағдайын жақсартуы тиіс.

Инфляция мәселесіне ерекше назар аударылды. 90 түрлі шараны іске асырудың нәтижесінде көрсеткіштер 2023 жылғы маусым айындағы 14,6%-дан ағымдағы 8,4%-ға дейін төмендеген. Импорттық тауарларды алмастыру бойынша инвестициялық жобалар белсенді түрде іске асырылып жатыр, баға белгілеуді бақылау, монополияға қарсы және сыртқы сауданы реттеу жұмыстары жалғасуда.

Инвестициялар ағыны да ел экономикасының өсуіне әсер етеді. Бұл бағытта ақпарат және байланыс, көлік, білім беру және өңдеу өнеркәсібі салалары оң динамика көрсетуде. Жарты жыл ішінде жалпы сомасы 151 млрд теңгеге 18 жоба іске қосылды, оның 122,7 млрд теңгесі – шетелдік қатысуы бар үлес. Инвестициялық штабтың жүйелі жұмысы аясында шамамен \$30 млрд сомасына 65 инвестициялық жоба бойынша проблемалық мәселелер шешілді, сондай-ақ заңнамаға 57 өзгеріс әзірленді, оның ішінде бүгінде 26 бұйрық қабылданды.

Отырыс қорытындысы бойынша экономиканың барлық саласында жоспарланған көрсеткіштерден төмен емес деңгейде өсімді қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмалар берілді. Экономикадағы өсімді қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік жедел штабтар жұмыс істейді. Оларға әкімнің әрбір көрсеткіш бойынша жауапты орынбасарлары бекітілген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

МИНИСТРЛІК

«ЦИФРЛЫҚ СЕНІМХАТ СЕРВИСІ»

«eGov Business» қосымшасында қолжетімді

«EGov Business» мобильді қосымшасында заңды тұлғаның цифрлық сенімхатын ресімдеуге арналған сервис қолжетімді. Бұл қызмет ұйым басшыларына өз қызметкерлеріне сенімхат беру процесін едәуір жеңілдетеді және жеделдетеді, деп хабарлады ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.



Бұған дейін заңды тұлғалардың басшылары сенімхаттарды тек қағаз түрінде ресімдеген, бұл көлік шығындары мен кеңсе тауарларына белгілі бір уақыт пен қаржылық шығындарды талап еткен, сондай-ақ мұндай сенімхаттардың заңдылығын тексеру мүмкіндігі болмаған. Енді заңды тұлғалардың басшылары ЭЦҚ-ға қол қою арқылы өз қызметкерлеріне онлайн форматта сенімхаттарды оңай және қауіпсіз бере алады, бұл ұйым ішіндегі өзара іс-қимылды одан да тиімді, ашық және ыңғайлы етеді. Онлайн

сенімхат беру үшін пайдаланушыға:

- eGov Business мобильді қосымшасына кіру керек;
- басты бетте «сенімхаттар» қойындысына кіріп, «сенімхат құру» батырмасын басу керек;
- қажетті жолдарды толтырып, «сенімхат жасау» түймесін басып, содан кейін «қол қою» қажет.

Сенім білдірілген тұлғаға қол қойылғаннан кейін eGov Mobile қосымшасының жеке кабинетіне хабарлама келеді. Бұдан әрі қолданыстағы сенімхат туралы ақпарат «цифрлық құжаттар» бөлімін-

де сақталады. Өз кезегінде, заңды тұлғаның бірінші басшысының EGOV Business қосымшасының «сенімхаттар» қойындысында бұрын берілген барлық сенімхаттармен танысу мүмкіндігі бар.

Онлайн сенімхат – бұл компанияның атынан жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін сенімхаттарды басқарудың заманауи және қауіпсіз әдісі. Сервис Әділет министрлігімен, ЦДИАӨМ және «ҰАТ» АҚ бірлесіп іске қосылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Жұмыссыз қалған адамдар кәсіп игеріп шығуы үшін Алматының Мансап орталығында тегін оқытылады. Оқу мерзімі алты айдан аспайды және бүкіл оқу кезеңіне шәкіртақы төленеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Мансап орталығының басшысы Әділет Жаңабаев мәлімдеді.

МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ

Жұмыссыз алматылықтар тегін оқып, жұмысқа орналаса алады



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Биыл кәсіптік оқыту курстарына 34 мамандық (шаштараз, тігінші, массажист (медициналық емес), аспаз, автоэлектрик, кондитер, бухгалтер, автослесарь, туризм жөніндегі агент, наубайшы, киім дизайнері және т.б.) бойынша 950 жұмыссыз адамды оқыту жоспарлануда. Спикердің сөзіне сүйенсек, биылғы маусым айында оқуға 184 адам жіберілген.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту шеңберінде 400 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін (1 476 800 теңге) мемлекеттік гранттар беру көзделген. Бұл бизнес бастау және оны дамыту үшін қайтарымсыз негізде берілетін бастапқы капитал.

ӨКҚ спикері гранттар қажетті құрал-саймандар, еңбек құралдары, технологиялық жабдықтар, жануарларды, малды, құсты, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алу, үй-жайды жалға алу ақысын төлеу үшін берілетінін атап өтті.

«Биыл Алматы қаласы бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 528 млн 694 мың теңге сомасына 358 грант берілетін болады», – деді Ә.Жаңабаев. Қолдау тапқан бизнес-жобалар ішінде тігін цехын, наубайхана, ТҚС, сұлулық салонын ашу, сүт өнімдерін

өндіру сынды жобалар бар. Спикер жұмыссыздықты азайту мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Жастар тәжірибесі», «Күміс жас», «Алтын жас» сынды бағдарламалар туралы да тілге тиек етті. Мәселен, «Жастар тәжірибесіне» 134 қатысушы жіберілді (былтыр – 899). Ал «Күміс жас» жобасымен 122 адам қамтылған (2023 жылы – 385).

«Бірінші жұмыс орны» жобасы да оң нәтиже беруде. Ол 35 жастан аспаған жастарға, оның ішінде жұмыс тәжірибесі жоқ НЕЕТ санатындағы жастарға 18 айдан аспайтын мерзімге уақытша жұмыс орындарын құруды көздейді, онда 6 ай ішінде жалақыны мемлекет 30 АЕК мөлшерінде төлейді, бұл биыл 110 760 теңгені құрайды», – деді спикер.

ӨКҚ спикері Мансап орталығының тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасу бойынша жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі жүргізіп жатқан жұмысына да кеңірек тоқталды.

«Бүгінгі күні электрондық еңбек биржасында жұмыс берушілер 4805 жұмыс орнына 2213 бос жұмыс орны бойынша хабарландырулар орналастырды. Биыл жыл басынан бері 30 994 адам жұмысқа орналастырылды: оның ішінде 21 470-і тұрақты жұмысқа, 9171-і субсидияланатын жұмыс орындарына», – деп атап өтті Әділет Жаңабаев.

САРАПТАМА

ТРАМПҚА ҚАРСЫ ҚАСТАНДЫҚ...

Саяси экстремизм америкалық демократиядағы дағдарыстың белгісі болуы мүмкін бе?

2001 жылғы Нью-Йорктегі оқиға әлемді өзгертті. «Егіздер ғимаратына» жасалған лаңкестік терроризмнің қаншалықты қауіпті құбылыс екенін көрсетті. 13 шілдеде президенттікке үміткер Дональд Трампқа қарсы жасалған қастандық саяси экстремизмнің қаншалықты қауіпті екенін дәлелдеді. Жалпы, саяси терроризм мен экстремизм ғасыр дертіне айналды. Бірақ экстремизм әдетте авторитарлы, тоталитарлы режим орнаған елдерде болады. Ал оның әлемде «демократияның үлгісі» деп аталған елде болуы көкейде еріксіз сұрақ тудырады. Ендеше, осыған жауап іздесек. Себебі, Қазақстан да терроризм мен экстремизмді басты қауіптердің бірі деп есептейді.

Сайлауалды кампания
қыза түспек

13 шілдеде Республикалық партиядан президенттікке үміткер экс-президент Д.Трамп кезекті сайлауалды митингіне қатысты. Алайда, Пенсильвания штатында өткен саяси акция ол үшін сәтсіз аяқталуы мүмкін еді. Бірақ оған атылған оқ құлақ шекеден жанап өтті. Қазір сайлауалды кампания жүруде. 5 қарашада шешуші сайлау. Бұл қастандық кампанияны одан әрі өршелендіруі мүмкін.

Қастандықтың сәтсіз аяқталуы кімге тиімді? Әрине, Д.Трампың кампаниясына тиімді. Себебі, дәл қазір республикалықтар бір жағы құпия ұйымдарды, екінші жағынан қазіргі президент Джо Байденге айып тағып отыр. Бұл республикалықтар мен оның негізгі үміткеріне саяси ұпай алып келеді. Сайлаушылардың алдында саяси құрбан бейнесі қалыптасып, Д.Трампа дауыс беретіндердің саны артуы мүмкін. Қазір республикалықтар істің әділ әрі ашық тергелуін талап етіп отыр. Джо Байденнің әкімшілігі мен

жақтастары тағылған айыпты теріске шығарды. Олардың айтуынша, экс-президенттер құпия қызмет пен Ішкі қауіпсіздік министрлігінің қорғауында. Джо Байденнің жеке өзі сайлауға үміткерлердің қауіпсіздігін толық қамтамасыз етуге тапсырма бергенін мәлімдеді.

Құпия қызмет Ішкі қауіпсіздік министрлігінің жеке басқармасы. Оның қызметкерлері экс-президенттер мен сайлауда үміткерлерді қорғауға жауапты. Қастандық жасалғаннан бері басқарма басшылығы қауіпсіздік шараларының бәрі жасалғаны туралы мәлімдеген. Ал FBI (АҚШ Федералды тергеу бюросы) болса тергеу басталғанын, істің «саяси терроризм белгілері болуы мүмкін» деген айыппен жүріп жатқанын мәлімдеген.

Қастандықты кім
жасады?

Оның артында кім тұр? Бұл сұрақтарға тергеу аяқталмай жауап беру мүмкін емес. Десе де, болжам жасауға болады. Президенттікке екі негізгі үміткер Джо Байден мен



Дональд Трампың сайлауалды штабтары бір мезетте сайлау кампаниясын өршелендіріп жібермеу керек екенін мәлімдеді.

Сырттай қарағанда қастандық Джо Байден жақтастары тарапынан жасалған сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, қастандықтың себебі бұдан да тереңде жатыр. Себебі, америкалық ақпарат көздеріне сүйенсек, қастандық жасаған азамат республикалық партия өкілі ретінде тіркелген. Оның әкесі де сол партияны қолдайды, ал анасы демократ.

Д.Трампа қастандық жасаған азаматтың есімі 20 жастағы Томас Крукс. Пенсильвания штатында туып, сонда өмір сүрген. Қастандық жасалғаннан кейін оны арнаулы жасақ қызметкерлері атып мерт қылды. Америкалық басылымдар оның саяси портретін жасап шықты. Алайда, жас жігіттің неге мұндай әрекет жасағаны және үміткерге 140 метрге дейін қалайша жақын келгені туралы ақпарат әлі жоқ.

Томас Мэттью Крукс туралы алғашқы егжей-тегжейлі мәліметтер көрсетіп отырғандай, жас жігіт өзінің туған қаласы Пенсильванияда 2022 жылы орта мектепті бітірген. Оның мектептегі мұғалімі оны «құрметті азамат» деп сипаттап, Крукстің саясатқа қызығушылық танытатынын ешқашан білмегенін айтқан.

Жексенбі күні FBI Крукстің әлеуметтік желідегі парақшаларынан ешқандай қауіп көрмегенін және психикалық ауытқу таппағанын мәлімдеді.

Экстремизм саясиланып
барады

Ақпарат көздерінде мынадай мәлімет те тарап отыр. Ол 17 жасында Демократиялық партияны қолдап, 15 доллар қайырымдылыққа жұмсаған. Алайда, кәмелет жасына толғасын республикалық атанған. Екіншіден, ол қарттар үйінде жалақысы аз қызмет атқарған. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады.

Біріншіден, отбасында әкесі мен анасының екі түрлі партияны қолдауы балаға психикалық қысым тудырған. Өз таңдауын жасауды қиындатқан болуы мүмкін.

Екіншіден, әлеуметтік жағдайының төмендігі қосымша себеп болуы мүмкін.

Десе де, мұндай қадамға баруына бұлар жеткіліксіз. Соңғы жылдардағы АҚШ қоғамындағы кері үдерістер ішкі наразылықты өршелендіріп жіберген сияқты. Соңғы 10 жылда АҚШ-та жасөспірімдер қолдарына қару алып, мектепте қылмыс жасап жатқаны туралы оқиғалар жиілеп кетті. Бұл қоғамда, әсіресе, жастар арасында экстремистік көзқарастың бар екенін көрсетеді. Мұның бәрі әлеуметтік экстремизмнің белгілері. Ал Томас Крукстың ісі экстремизмнің саяси-ландып бара жатқанын көрсетіп отыр.

Алайда, жоғарыда айтқанымыздай, саяси экстремизм көбіне тоталитарлы, авторитарлы режим орнаған елдерде пайда болады. АҚШ секілді демократиясы әлемге үлгі елде оның пайда болуы көкейде еріксіз сұрақ туындатады. Саяси экстремизм америкалық демократиядағы дағдарыстың белгісі болуы мүмкін.

(Дереккөз: Gene J. Puskar / AP).

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



БАСПАНА

АЛМАТЫДА ЕСКІ ҮЙЛЕР ҚАЛАЙ БАҒАЛАНАДЫ?

Бүгінде мегаполисте 14 мыңнан астам тозығы жеткен нысан бар

Алматы қаласының жер қатынастары басқармасы 2000 орынды мектеп салу жобасына қатысты алынатын пәтерлер мен жер учаскелерінің құнын төмендету туралы БАҚ-та тараған ақпараттың жалған екенін хабарлады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



139 теңгені, тұрғын үй құрылысы жылына және қабырға материалына байланысты 1 шаршы метрге 96 мыңнан 120 мың теңгеге дейін құрайды.

Атап өтерлік жайт, бағалау компаниясы осы аудандағы учаскенің нарықтық құнын, үйдің қай жылы салынғанын, оның жай-күйін және құрылыста қолданылатын материалдардың сапасын ескере отырып, сатып алудың есептік құнының әдістемесін қолданатын болады.

Жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын есептеу әдістемесі ҚР Азаматтық кодексіне және ҚР Қаржы министрлігі бекіткен «Жылжымайтын мүліктің құнын бағалау» стандартына сәйкес айқындалады. Жылжымайтын мүлікті бағалау кезінде бағаланатын объектімен салыстырылатын ұқсас объектілер нарығындағы соңғы са-

тылымдар мен баға ұсыныстарына талдау жасалады.

Нарықты зерттеу, оның ішінде «Қрыша» ақпараттық порталында берілген ауданда қойылған объектілерді сату туралы хабарландырулар бойынша жүргізіледі. Бірақ портал әрдайым нақты құнын көрсете бермейді, өйткені меншік иелері әдетте жарнамада одан әрі сауда-саттық үшін артық құнды көрсетеді. Порталды қолдана отырып, бағаны манипуляциялау фактілері орын алады. Мысалы, меншік иелері коммерциялық және мемлекеттік жобалар үшін жер учаскелерін сатып алу туралы біліп, мүлікті жоғары бағамен сату туралы хабарландырулар орналастыра бастайды. Осылайша жоқ баға нарығын жасанды түрде қолдан жасайды.

Жер қатынастары басқармасы қолданыстағы заңнама нормаларын қатаң қолдануды және Қазақс-

тан Республикасының заңдарында көзделген азаматтарымыздың барлық құқығының сақталуын, сондай-ақ бюджет қаражатының мақсатқа сай жұмсалуды қамтамасыз етеді.

Ұсынылған құнмен келіспеген жағдайда меншік иесі бағалауға сот тәртібімен дауласуға құқылы.

Тозығы жеткен тұрғын
үйлерде «бизнес» қалай
жасалады?

«Алматы Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ деректері бойынша аталған аудан тұрғындарының өтініштерін ұйымдастырушы Ернар Рахымжанов түрлі инстанцияларға бірнеше рет шағымдармен және аталған ауданда реновация жүргізудің баю қарқынына, сондай-ақ инвестордың, құрылыс салушы – «UAR Group» ЖШС-нің қызметіне шағымданды. «Алматы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС ағымдағы жылдың басында онымен шартты бұзды.

Аталған ауданда ескі үйлерді жаңарту жобасы жүзеге асырылуда. Осы жоба бойынша 2021 жылдың қазан айында бірінші кезектің басалуымен және 2028 жылдың желтоқсанында аяқталуымен құрылыстың 8 кезегі қарастырылған. Басқа ескі үйлермен қатар Е.Рахымжанов пен оның туыстарының пәтерлері құрылыстың 7-ші кезегінде тұр. Кезектің басталуы – 2023 жылдың мамыры, аяқталуы – 2026 жылғы мамыр.

Е.Рахымжанов 2021–2024 жылдары Сүлейменов көшесіндегі реновация бағдарламасы бойынша №4 және №10 үйлерден екі пәтер алды. Сондай-ақ, оның әпкесі мен анасына осы учаскеде екі бөлмелі

және үш бөлмелі пәтерлер тіркелген. Ол шаршы метріне 1,257 млн теңге есебінен әрқайсысы 45 млн теңгеден екі екі бөлмелі пәтер сатуды, ал ауданы 45 ш.м. үш бөлмелі пәтердің орнына жаңа үйде кемінде 130 ш.м. үш бөлмелі пәтер алуды көздеп отыр. Өйтпесе, ол барлық төрт пәтерді (бір бөлмелі 24 шаршы метр, екі екі бөлмелі 35,8 және 37,4 шаршы метр, үш бөлмелі 44,1 шаршы метр) 200 миллион теңгеге сатқысы келеді.

7-ші кезектегі ескі үйлердің тұрғындарын көшіру барысында 18 меншік иесі, оның ішінде Е.Рахымжанов тұрғындарды көшіру шарттарынан бас тартты. 2024 жылғы 14 шілдедегі жағдай бойынша 64 меншік иесінің 45-і қоныс аударды.

Өткен жылы «Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС қоныс аудару департаментінің өкілдері Е.Рахымжановқа жоғарыда көрсетілген ескі үйлерден 600 метр қашықтықта орналасқан Жандосов көшесіндегі жаңа пәтерлерді тексеріп, тұрақты немесе уақытша тұру үшін таңдау жасауды ұсынды. Атап айтқанда, оған 2 қабатта алаңы 84,6 шаршы метр екі бөлмелі пәтер, 10 қабатта алаңы 87,7 шаршы метр екі бөлмелі пәтер көрсетілді. Е.Рахымжанов ұсынылған нұсқалардан және басқа пәтерлерді тексеруден бас тартты. Қазіргі уақытта ол өз пәтерлерін қолма-қол ақшаға сату үшін инвесторды анықтауды талап етеді және тіпті 2 есе ұлғайған аумақта да айырбастауға мүлдем келіспейді. Е.Рахымжановтың өзі аталған ескі тұрғын үйде тұрмайды, ал пәтерлерді реновациялау бағдарламасын іске асыру кезінде инвесторларға одан әрі қайта сату үшін сатып алған.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

Жаһандық геосаяси өзгерістер: ТҮРКІ БІРЛІГІНІҢ БЕКЕМ БОЛУЫ МАҢЫЗДЫ

Жаһандық саясаттың ауаны күн сайын құбылуда. Халықаралық саясаттың күн тәртібі сәт сайын өзгеріп, саяси қатысушылар арасында әралуандылық қалыптасуда. Биыл жыл халықаралық саяси конъюктураның алдағы бес жылдықтағы бағыты мен мазмұнын анықтауда шешуші жыл болмақ. Жыл басынан бері Әзербайжан, Ресей, Иран, Ұлыбритания елдерінде президент сайлауы өтсе, өткен апта Францияда парламент сайлауы өтті. Жыл соңында анықталатын АҚШ президентін сайлау компаниясы аясындағы саяси күрес үдей түсіп, Пенсильвания штатында сайлаушылармен кездесу барысында АҚШ президенттігіне

республикалық партия атынан кандидат, экс-президент Дональд Трампқа қастандық жасалды. Жаһандық геосаясаттың фундаментальды өзгерісі аясында Түркі елдерінің бірлігінің бекем болуы өте маңызды. Алдымен бас қаламыз Астанада Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымының саммиті аясында «ШЫҚ Плюс» форматы аясында Түркі мемлекеттері ұйымы басшылары кезіксе, 6 шілдеде Шуша қаласында Түркі Мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті болып өтті. Бұл тұрғыда Түркі мемлекеттері ұйымының жаһандық геосаяси өзгерістер аясында болашағы мен маңызын талдап көрелік.



(Дереккөз: Ақ Орда баспасөз қызметі).

• **Әзербайжанда, Шуша қаласында 6 шілдеде Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті өтті. Саммитке Әзербайжан, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан Республикаларының Президенттері, Венгрия Премьер-министрі, Түркияның вице-президенті, Солтүстік Кипр, Түрік Республикасының Президенті сынды маңызды саяси тұлғалар қатысып, Түркі мемлекеттері одағының болашағы туралы маңызды тақырып талқыланып, Шуша декларациясы қабылданды.**

Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі – түркі елдерімен байланысын Түркі мемлекеттері ұйымы аясында дамыту. Еліміз әрқашан түркі әлемімен байланыс аясын саяси, экономикалық және құрылымдық-институционалдық бағытта дамытып келеді. Түркі мемлекеттерінің ұйымы бүгінде халықаралық саясатта маңызды саяси күш орталығына айналды. Алтай мен Анадолы арасын қамтып жатқан ауқымды географиялық аймақ Еуропа мен Азия арасын біріктіретін бірегей көпірге айналды. Логистикалық түрде Орталық Азия мен Кавказды Жерорта теңізі және Қара теңіз порттарымен байланыстыратын көлік дәліздері Еуразия даласындағы сауда тасымалы жолының тиімді әрі бірегей балама жолын қалыптастырды.

Шушада өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті ұйым елдері үшін маңызды болуының басты екі себебі бар. Біріншіден, Түркі мемлекеттері ұйымы елдерінің Қарабақты ресми түрде Әзербайжан территориясы ретінде мойындап қана қоймай, институционалды түрде «Шуша декларациясын» қабылдауы. Екіншіден, Шушада өткен саммитте Түркі мемлекеттері ұйымының алдында тұрған маңызды мәселелерді шешудің тиімді жолы ұсынылды. Мысалы, Әзербайжан тарапынан Түркі мемлекеттері ұйымы хатшылығы шотына 2 миллион АҚШ доллары аударылды. Аталмыш қаржы ұйымға мүше елдер арасындағы сауда-экономикалық бағытта жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақ.

Түркі мемлекеттері ұйымының әлеуеті өте зор. Маңызды бөліктерінің бірі – логистикалық әлеуеті. Осы мақсатта Каспий теңізі арқылы өтетін Орта дәліз логистикалық хабының жалғасы ретінде Шығыс-Батыс көлік дәлізін одан әрі дамыту көзделіп отыр. Нәтижесінде Баку – Тбилиси – Карс теміржолының жылдық өткізу қабілеті 1 миллионнан 5 миллион тоннаға дейін арттырылды. Бұл жоба Қазақстан

үшін ерекше маңызға ие, себебі аталмыш сауда жолы арқылы еліміздің транзиттік әлеуеті артып, түркі мемлекеттерінің экономикалық ынтымақтастығын нығайтуда Каспий теңізінің әлеуеті артпақ. Түркі мемлекеттері ұйымының құрылымын жетілдіру және бюджетін ұлғайту біздің ортақ мақсаттарымызға қол жеткізуге көмектеседі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шушада өткен бейресми саммит барысында Әзербайжан мен Армения арасындағы бейбітшілік орнату бағытындағы әрекеттердің маңыздылығын атап өтті. Қалыптасқан геосаяси жағдаятты мұқият зерделей отырып, конструктивті диалогты ұсынды. Осы тұрғыда, Қазақстан медиация қағидасына ерекше мән беріп, Баку мен Ереван арасындағы бейбіт келіссөздер үшін өз алаңын ұсынуға дайын екенін білдірді. Бұл Қазақстанның бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдаудағы белсенді ұстанымын көрсетіп отыр.

Мемлекет басшысы, Қасым-Жомарт Тоқаев Транскаспий халықаралық көлік маршрутының маңыздылығын талдай келе, соңғы жылы контейнерлік тасымал көлемі екі есе өскенін ескеріп, жүктерді жеткізу уақытын қысқарту мақсатында іске қосылған Digital Trade Corridor платформасының тиімділігіне ерекше назар аударды. Нәтижесінде былтыр орта дәлізбен жүк тасымалдау көлемі 65 пайызға көбейді. Яғни 3 миллион тоннаға жуықтады. Ақтау портындағы хаб контейнерлік тасымалдау көлемін 300 мыңға ұлғайтуға мүмкіндік береді. Порт Каспий жағалауындағы елдерге және Орталық Азия мемлекеттеріне қызмет көрсетеді. Бұл тұрғыдан Қазақстанның сауда-логистика саласын тиімді цифровизациялауда жеке тәжірибесі Түркі мемлекеттері ұйымы аясында зор маңызға ие болып отыр.

Халықаралық саясаттағы алып державалар арасындағы мүдделер қақтығысы Еуразия аймағында идеологиялық бөліністі қалыптастырғанымен, еліміздің дәстүрлі түрде ұстанып келе жатқан көп-векторлы сыртқы саясаты аймақта қалыптасып жатқан жағдаятта өз тиімділігін дәлелдеп отыр.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

ШАРА



ТАРИХИ ОҚИҒАНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Кеше Түркия Республикасы Демократия және ұлттық бірлік күнін атап өтті. Осыған орай Алматыдағы Еуразия ғылыми-зерттеу институтында арнайы шара ұйымдастырылды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Тура сегіз жыл бұрын дәл осы күні Түркия билігін құлатуды мақсат еткен «Фетхуллахшылар лаңкестік ұйымына» тиесілі әскерлер төңкеріс жасауға тырысты. Бұл жағдайға ешкім бей-жай қарап қалмады. Түрік халқының ерік-жігерінің арқасында лаңкестердің жоспары жүзеге аспады.

Бауырлас мемлекеттің Алматы қаласындағы елшілігі әскери төңкеріс жасамақ болғандардың әрекетінен қаза тапқандарды еске алды. 2016 жыл 15 шілденің қаралы түні 251 азамат мерт болып, 2 мыңнан астам адам жарақат алды. Сол оқиғадан кейін бұл күн демократия жеңісінің символына айналып, «Демократия және Ұлттық бірлік күні» деп жарияланды. Түркиялықтар жыл сайынғы дәстүрден жаңылмай, қарулы қақтығыста шейіт болғандарды құрметпен еске алады.

Айтулы күні жиынға қатысқандар сол оқиға туралы баяндама жасап, қос мемлекеттің қиын-қыстау кезде бір-біріне үнемі достық көмек беретіні сөз болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ТҮРКСОЙ Жазушылар
одағының төрағасы:



ҰЛТТЫҚ
ТҮТАСТЫҚТЫҢ
БИІК МӘРТЕБЕСІ

Бүгін – Түркияның демократиялық жеңіс күні, ұлттық бірліктің жеңген күні. Мемлекеттің тағдыры адам өміріне ұқсас. Егер Түркия дамудың ең төменгі баспалдағында болса, ешқандай төңкерістен қорықпас еді. Керісінше, біздің Түркия адамзат қоғамы дамуының биік сатысына шыққан мемлекет еді. Әлемдік қоғамдастықта биік беделі бар зайырлы мемлекет болғандықтан, қазіргі заманда қандай заңсыз төңкеріс болса да зор зияны тиетіні анық. Ең көп зардап шегетіндер – қарапайым халық.

Сол ел басына күн туған қиын-қыстау кезде Мемлекет басшысы Режеп Тайып Ердоғанды әскер мен полицияның басым бөлігі қолдады. Халық әскери төңкерісті қабылдамады. Ешқашан ешкімге бас иеген, намысы биік ұлы түрік халқы азаптауға қарамастан, төңкерісшілерге қарсы тұрып, тойтарыс берді. Мемлекет пен қоғам тағдыры қыл үстінде тұрған кезеңде түрік халқы туының астына ұйыса білді. Демократияны қорғап, Түркияның тұтастығын сақтап қалды.



МЕРЕЙ

ЖУРНАЛИСТИКА ЖАМ ПОЗЫ

Профессор Сағымбай Қозыбаев – 80 жаста

«Сағымбай барсаң...»

Журналистика академиясының президенті, профессор Сағымбай Қозыбаев ұстазымызға деген ниетімді жазбас бұрын қазақтың айтулы ақыны Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» атты өлеңіндегі:

«Сағымбай барсаң, теңіз де сенің
тебіренбес жастық шағыңдай,
Бұлбұлдың даусын есіте алмайсың,
бауларға кірсең сағымбай.
Сағымбай барсаң, таулар да сенің
алдыңнан шықпас асқақтап,
Ойлауы мүмкін дүниені мынау
кеткен екен деп тас қаптап, –
деген жолдар ойға оралды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

сиясындағы қыз мұнымды місе тұтпағасын, деканға кіруге тура келген. Декан Козьменко деген кісі еді: Қолымдағы әскери газетте жазған мақалаларымды көріп, қабылдаудағы хатшы қызға қарап: «Екі тілде бірдей жазады екен. Құжатын қабылдаңыз. Солдаты только вперед!» деген-ді. Содан бері отыз алты жыл өтіпті.

ЖАНКЕШТІЛІК

Біздің білетініміз, профессор С.Қозыбаев – журналистикаға жан-жүрегімен берілген аңыз адам. Отандық журналистиканың дамуы мен жаңғыруына бір кісідей белсене кірісті. Сексенге серке жеткен ұстаз әлі де Құдай берген қуатының арқасында өмірінің ажырамас бөлігі саналар осы бір идеологиялық қауқарлы саланың басы-қасында жүруге тырысады. Сәкен мадаққа мұқтаж жан емес, тек журналистика қоғам көшінің алдыңғы сабында жүрсе деген қағиданы қатаң ұстанған көңігі журналистер ордасының жетекшілерінің бірі де бірегейі, республикалық Журналистика академиясының президенті.

Тарих ғылымының докторының қаншама ғылыми еңбегі бар. Журналистика саласында да атынан ат үркетін атақ-дәрежесі жетерлік. Солай бола тұра Сәкем журналистикаға көлденең көк атты тәуекел ете алмайды деп біледі. Шәкірттерінің арасында елге, алыс-жақын жұртқа танымал адамдар аз емес. Соның топ басында қаламын қару еткен журналистер тұрғаны анық. Шәкірттеріне журналистиканы зор мәртебе деп ұқтырған ұстаздың мақсаты – халықтың көзі хәм құлағы болып отырған баспасөздің беделін биіктету. Ол үшін әлбетте, тынымсыз еңбектену керек.

Профессор Қозыбаевтың «Тәнің ауырса – дәрігерге барасың, жаның ауырса – журналистке барасың» деген қағидасы қатаң. «Кәсібіңнің нәсібін көру үшін еңбегіңмен өшпес із қалдыру қажет. Нағыз журналист болам деген адам оған жүрек қалауымен жүгінуі қажет. Жанкешті журналист қоғамда қалыптасқан стереотип бұзылуы тиіс деп санайды.

«Құдайым-ау, мына қоғамда бізді кім деп атайы жатыр... «Жазуға машықтанған жанкешті», «Демократияның шынжыр баулы төбеті», тағысын тағы. Не десе о десін. Журналист – дауыл-құйынға қарсы аттанған, өз ойы, қағидасы қатаң адам. Таңдаған мәселесінің осал тұсынан аңдап, нысанасына дөп тигізуге тырысуы қажет. Оған білім мен білік керек, әлбетте. Қоғамның мүддесін көздегенде қателікке жол бермегені жөн. Әрине, идеалды нұсқа бола бермейді. Педагог ретінде жас мамандарға осыны жиі айтамын», – дейді ұстазым Сағымбай аға.

Профессор Қозыбаевты бүгінгі баспасөздің жай-күйі терең толғантады. «Бізге газет-журнал таралымы тым аз. Оны тарату жүйесі де күйреген деуге болады. Чехияда жеті жүз адамға – бір киоскіден. Кезінде бізде де болған. Журналист қоғамның мақтан тұтар тұлғасы болуы тиіс. Оның жұмысына жағдай жасалуы қажет. Олай болмаса, қоғамда рухани жұтандық орнайды». Журналистиканың жампозы, жанкешті жанашыры осылайша толғанады. Ол рас.

Бүгінде сексеннің сеңгіріне көтерілген Сағымбай Қозыбаевты отандық журналистиканың жоғын түгендеп, барын базарлап жүрген баспасөздің шырақшысындай көремін. «Алатау Ақпарат» медиахолдингінің екінші қабатында Сәкеннің бастамасымен ашылған қазақ журналистикасының шежіресінен сыр шертер шағын мұражай-бұрыш бар. Онда сонау «Ұшқыннан жалын лаулатқан» «Искрадан» бастап кешегі кеңес кезінде жарық көрген басылымдар, көненің көзіндей журналистер пайдаланған құрал-жабдықтар тізіліп тұр. «Өткенсіз болашақ жоқ» деген, оған да мән беру керек-тағы. Сонау бір жылдары өзіміз жазған орыс журналистикасындағы қазақ тақырыбы осыдан бастау алады.



Айнабай
МӘДІ

Сағымбай ұстазды сағымбай жазу мүмкін емес. Сексеннің сеңгіріне өзінің салтанатымен серпінді көтерілген осы бір парасатты да пайымды профессорға айрықша ризашылықпен қол соғамыз. «Әдемі қартаю да өнер» деген екен. Мұның мәнісі адамның пейілі мен мінезінде жатса керек. «Кең болсаң кем болмайсың» деген қазақтың даналығымен ұштасқан кең пейіл деген осы.

Журналистиканың отымен кіріп, күлімен шығып жүрген тарих ғылымының докторы, ҚазҰУ-дің профессоры Сағымбай Қозыбаев – талай шәкіртінің теориялық білімін практикамен ұштастыруға себін тигізген атпал азамат. ҚазҰУ-дің журфагінен түлеген кез келген журналист «Қозыбаев келе жатыр!» десе, тікесінен тік тұрып қарсы алатыны сондықтан. Бұл ұстазға деген айрықша құрмет.

1988 жылы ҚазҰУ-дің журфагіне оқуға түскенде, Сағымбай ағай қырықтың қырықасындағы жігіт ағасы еді. Тау тұлғалы профессор Тауман Амандосовтың соңғы лекциясын тыңдаған да біз. «Мық шеге» (академик З.Қабдолов) атаған профессор Темірбек Қожакеевтің сатирасымен серпілдік. Шалт қимылды ширақ ұстаз, профессор Қозыбаевтың БАҚ техникасы кафедрасындағы газет-журнал техникасы тобында газеттің макетіне машықтандық.

«Желтоқсанның» жаңғырығы тиіп, біраз қудаланған сатираның теоретигі Қожакеевтің журфакке оралған шағы. Бір қызығы, уақытысында «темір декан» атанған Темкең тап осы біздің шағын тобымызға (12 студенттен құралған) бір жыл бойы баспасөздегі сатира мен юмордан лекция оқығаны бар. Кеңес өкіметінің кезі, «артында былғанышы» (Темкенің өз сөзі) деп сөйлейтін Тем-ағайды жұмысқа қабылдауға да батыл жүрек керек, кең пейіл керек еді. Сағымбай Қабашұлының кеңдігі мен теңдігі осындайда көрінген. Темірбек ағайымыздың негізгі сабағы – филфакте, журфакке оралуының басы – тап осы біздің шағын топтан бастау алғаны шындық. Қағидасы қатаң ұстазға шығармашылық жағынан жақындаудың сәті осы кезде түскен.

Журналистік техникалық шеберлікті шыңдауымызға маңыз бөліп, сүбелі үлес қосқан жетекшіміз С.Қозыбаевпен жақын араласқан жағдайым жоқ. Ал бірінші курстың екінші семестрінен соң газет-журнал техникасы мамандығына машықтана бастадық. Сағымбай ағайымыз жетекшілік ететін кафедрағы Әбілфайыз ағайдан, Тұрымтай апайдан алған теориялық білімді практикада шыңдап, облыстық, республикалық басылымдарда еңбек ете бастағанмын. Төртінші курстан бастап облыстық «Жетісу», бесінші курстан бастап республикалық «Қазақ әдебиеті», кейін «Халық Конгресі» газеттерінде жауапты хатшының орынбасары қызметінде болдым.

Газет макеті – керемет өнер. Оған ден қойсаң, қызығымен қатар шыжығына да жолықпай қалмайсың. Алматы облыстық «Жетісу» газеті «томағамды сыпырды» десем болар. Бас редактор – Баймолда Мусин. Мені тікелей қамқорлығына алған жауапты хатшы – Арғымбаев Жұмаш аға. Техникалық редактор Әлия апай теориямен қаруланған маған практиканың көкесін көрсетті. Теория мен практиканың арасы «жер мен көктей» ме деп қаласың. Аптасына үш рет шығатын аймақтық газеттің макетіне үйреніп, ысылып, біраз дүниеге көз жеткіздік. Жауапты хатшының орынбасары болып шыға келдік. «Қазақ әдебиетіне» барғанда жауапты хатшы Қайырбек Асанов ағамыз (Бас редактор Оралхан Бөкеев) да білгенін үйреткен. «Халық Конгресі» газетінде (Бас редакторы Сайын Мұратбеков) жауапты хатшының өзі болдық. Ол кезде біраз тәжірибе жинақтадық. Бір қызығы, осы жауапты жұмыстарды 5-курста оқып жүріп, атқардық. Кафедра тарапынан оқуға да үлгердік, жұмыс істеуге де жағдай жасалды.

ҚАЗАҚ ТАҚЫРЫБЫ

Төртінші курста оқып жүрген кезім. Таңертең сабаққа келсем, бізден екі курс бұрын оқып, оқытушы болып орналасқан Айдар Елтізеров: «Айнабай, сені декан шақырады!» дегені. Декан тарих ғылымының докторы С.Қозыбаев. Басшының шақыруы бекер емес. «Ойпыр-ай, не бүлдіріп қойдым» деген ой да жоқ емес. Айдар үндемейді, мені деканатқа ертіп апарды. Декан орнынан көтеріліп, қолымды қысты. Деканның студентті құттықтауы сирек

жағдай. Мен әлі ештеңені түсінбеген күйде тұрмын. Айдар болса, жымып қояды.

Оқытушым таңертеңмен газетке жарияланған мақаламды деканға көрсетсе керек. Мақаламның сол күні жарияланғанын өзім де білмегенмін. Шақырып жатқан себебі сол екен. Бақсам, сол шақта тарих ғылымының докторы Сағымбай Қабашұлы қырықтың қырықасындағы жігіт ағасы екен-ау. Сондай-ақ, ҚазҰУ-дің Журналистика факультеті БАҚ техникасы кафедрасының меңгерушісі.

Декан алдындағы газеттегі мақаланы көрсеткеннен кейін мәселенің мәнісін түсіндім. «Жарайсың, Айнабай! Тек қана орыс журналистикасы емес, партиялық журналистиканың жолы жабылар кез келді», – дейді деканым. Риза болдым. Шыны керек, сол кезде әлі де болса партиялық журналистикадан лекция оқылып тұратын.

Бұл 1992 жылдың басы болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылында бізде әлі орыс журналистикасының тарихынан лекция оқылатын. Соған қарсылық ретінде «Бізге орыс журналистикасындағы қазақ тақырыбы тереңірек оқытылса...» деген ойды қозғап, облыстық «Жетісу» газетіне мақала бергенмін. Деканның алдында жатқан мақала осы. Бәрінен бұрын Сағымбай ағайға батыл түрде осы бір өткір тақырыпты қозғағаным ұнады, білем. Батылдығым үшін қолымды қатты қысты. Соны ұқтым.

Биыл бізді түлетіп ұшырған Қазақ ұлттық университетіне 90 жыл толды. Ал Сағымбай Қабашұлының осы білім ордасының Журналистика факультетінде еңбек еткеніне жарты ғасыр болыпты. Міне, табандылық деген осы болар. «Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» деген бар. Біз де шама-шарқымызша журналистикаға үлес қосқанымызға отыз жылға жақындады.

Бір қызығы, Сағымбай ағамыз 19 жасында Сібірде мерзімді жауынгерлік қызметте жүргенде округтік әскери газетте мақала жаза бастапты. Біз де Украинада, теміржол әскерінде сарбаздық қызмет атқарып жүріп, Харків бригадасының «Советский патриот» газетіне талай мақала жариялағанбыз. Журналистика факультетіне солдат киімімен келіп, құжат тапсырып, оқуға түстік. Қолымда еңбек кітапшам да болмаған, жұмыс істегенім жөнінде анықтама қағазы ғана болған. Қабылдау комис-

ДӘСТҮР

Биыл 120 жылдығы аталып өтіп жатқан Халық суретшісі Әбілхан Қастеев атын иеленген ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Дәстүр – халық рухы. Дала қазынасы» көрмесі ашылды. Экспозиция музей қорынан еліміздің дәстүрлі және қазіргі заманның сәндік-қолданбалы өнерінің 60-тан астам туындысын ұсынып отыр.

Қошқар мүйіз

БАЙЛЫҚТЫҢ,
БЕРЕКЕНІҢ,
МОЛШЫЛЫҚТЫҢ
СИМВОЛЫ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Наталья БАЖЕНОВА,
Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері бөлімінің басшысы:

ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСАДЫ

Экспозицияда тағы бір тұтас бөлімі қабырғаға кестеленген түскізілдерге арналған. Киіз үйдің сәндік безендірілуінде олар төрден құрметті орнын алып, отбасылық бақыт пен амандықты бейнелейді. Түскізілдермен қатар, суретші Зейнелхан Мұхамеджанның халық кестесі мен станоктық композиция дәстүрлерін шебер үйлестіретін авторлық панносы ұсынылған.

Ұсынылған экспонаттар қазақ қолөнершілерінің шеберлігінің жоғары деңгейін көрсетіп қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін сан ғасырлық дәстүрлердің символы болып табылады. Бұл қазіргі заманғы мәдениет тұрғысынан халық өнерін сақтау мен зерделеудің маңыздылығын көрсетеді.

символы – қошқар мүйіз өрнегі басым.

Көшпелілер мәдениетінің маңызды атрибуттары ат-әбзелдері екенін білеміз. Ертеде ата-бабаларымыз жабайы дала жылқысын қолға үйретіп, атқа мінуді меңгерген. Қазақ халқы үшін күміспен, алтын жалатылған, жартылай асыл тастармен әшекейленген ат-әбзелдер иесінің абыройын, әлеуметтік жағдайын білдіретін болған.

Қазіргі сәндік-қолданбалы өнердің ең кең таралған және басым түрлерінің бірі – гобелен. Көрмеде оған арналған жеке экспозиция бар. Еліміздегі гобеленнің тарихы 1937 жылы, «Кілемші» артелінің жанынан ашылып, 11 жыл жұмыс істеген гобелен шеберханасынан бастау алады. Қазақстандық гобелен мектебінің келесі даму кезеңі 1970 жылдардың бірінші жартысына жатады және тоқыма бойынша арнайы білім алған суретшілердің шығармашылығымен байланысты. Осы кезеңде гобеленнің дамуына кескіндеме айтарлықтай әсер етті. Гобеленде күрделі кеңістік және колористикалық міндеттер шешіледі, көпфигуралық, тақырыптық, ал кейінірек абстрактілік композициялар жасалады.

Аталған көрме еліміздің бай мәдени мұрасымен танысуға мүмкіндік береді және қазақтың халық қолөнершілері мен әр ұрпаққа жататын сәндік-қолданбалы өнердегі кәсіби суретшілердің жұмыстарымен таныстырады. Оған музей қорындағы сирек экспонаттар кіреді. Көпшілігі алғаш рет қойылып отыр. Олардың ішінде киіз, тоқылған және кестеленген кілемдер, гобелендер, ат-әбзелдері, ағаш, тері, металдан жасалған туындылар бар.

Тоқылған кілем – Шығыстың көшпелі және жартылай көшпелі халықтарының материалдық мәдениетінің ең жоғары жетістігі. Оның ою-өрнегінде ежелгі мифтердің жаңғырығы, адамдардың сиқырлы және діни бейнелері, ғасырлар бойы жинақталған қоршаған әлем туралы бейнелеу әсерлерінің орасан зор қоры сақталған.

Киіз кілемдері монументалды және көркем түсті. Олар киіз басу арқылы жасалған. Киіз кілемдердің тағы бір түрі – сырмақтарда мозаика мен кірістіріулер, түрлі-түсті бау мен мата бар аппликация қолданылған. Киізден жасалған бұйымдардың ою-өрнегі мүйізді ою-өрнектің әртүрлі нұсқаларынан тұрады, оларда байлықтың, береке мен асқақтық

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

ДОМБЫРА ШЕРТКЕН
Данил

Алып мегаполистің қоғамдық тәртібін қамтамасыз ететін 5571 әскери бөлімінде сарбаздар арасында «Күй күмбірі» атты шағын байқау ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның мақсаты – ұлттық құндылығымыздың мәртебесін көтеру, насихаттау.

Сарбаздар ұлттық аспабымыздың тарихы жайында әңгімеледі. Артынша ұландық өнерлі жауынгерлер домбыра шанағынан бірінен соң бірі күмбірлетіп күй төкті. «Балбырауын», «Ерке сылқым», «Сарыарқа», «Адай» сынды кеңінен танымал күйлер шертілді.

Бұл жарыста Материалдық-техникалық қамтамасыз ету ротасының сарбазы, қатардағы жауынгер Данил Отт ерекше көзге түсті. Шешен ұлтының өкілі болса да, қазақтың қоңыр

үнді домбырасының құлағында ойнап, жиналғандарды ерекше тәнті етті. Ол әскерге Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Бауыржан Момышұлы ауылынан шақырылған. Азаматтық борышын өтеп жүргеніне жеті айдан асыпты.

– Мен алғаш әскерге келгенде, ең алдымен, анамның қадірін жақсы түсіндім. Мені осы уақытқа дейін тәрбиелеп өсіргені үшін анама шексіз алғысымды білдіремін. Анаммен кездесер күнді асыға күтудемін. Әскерге

келгелі алдымен әдеп пен тәртіпті үйрендім. Мойныма артылған жауапкершілікті жете түсіндім. Әскери тәртіп менің азамат ретінде толық қалыптасуыма мүмкіндік беріп жатыр. Алғаш әскер қатарына қабылданған сәтім мен қазіргі кезімді салыстырмалы түрде саралайтын болсам, өзімнен үлкен өзгерістер байқалады. Әскери тәртіпке үйретіп, осы салада бағыт-бағдар беріп жүрген командирлеріме де алғысым шексіз. Ал домбыра шертуді бала күнімнен жақсы көремін. Мектепте оқып жүргенде қатарластырыммен түрлі жарыстарға қатысатынбыз, қызығушылығым содан басталды, – дейді Данил.

Мәдени іс-шара соңында 5571 әскери бөлімінің командирі, полковник Мақсат Баймағұлов сахна төріне көтеріліп, байқауға қатысқан өнерге жақын сарбаздарға ризашылығын білдірді.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

Ұлттық киім саласында «Ерке-Нұр» брендин қалыптастырған, жалпы көпшілікке белгілі Фарида Мерхамитқызымен өз саласы және отбасы құндылығы мен бала тәрбиесі тақырыптарында әңгіме өрбіткен едік. Оқырмандарға әңгіменің сүбелі тұстарын ұсынуды жөн көріп отырмыз.

«СҮЙІКТІ ІСІММЕН
АЙНАЛЫСЫП КЕЛЕМІН»

— Фарида ханым, ұлттық киім саласында ұзақ жыл еңбек етіп келесіз, өз брендіңізді де қалыптастырдыңыз. Салаңыздан бөлек қазір немен айналысып жүрісіз? Әңгімемізді осыдан бастағымыз келіп отыр.

— Соңғы төрт жылда өзімнің тағы бір сүйікті ісіммен айналысып жүрмін десем болады. Әлеуметтік желі арқылы отбасы құндылығы, әсіресе бала тәрбиесі жөнінде лекциялар оқып келемін. Шынын айтсам, әу баста өзіміздің ұлттық киімдерді насихаттайын деген оймен «Инстаграм» секілді әлеуметтік желілерде блогерлікті дамытқан едім. Бірақ кейін қоғамда бұл бағытта толып жатқан проблемалардың бар екенін көріп, осы жағындағы қажеттілікті жасауды мақсат еттім. Құдайға шүкір, елге еңбек етейін деген шынайы мақсатың болса, нәтижесі де болады екен. Қазір паракшамда лекцияла-

дейінгі бала үй жұмысына көмектеспесе, ата-ананың құқық қорғау орындарына жүгінуге қақысы бар. Мұндай заңды қабылдаған әлемдегі жалғыз ел. Яғни бұл елдер баланың өсіп-жетілуінде үй жұмысын, қарапайым еңбекті маңызды деп санайды. Енді осы елдердің әлемдегі орнына қараңыз, ең сапалы өнімді, ең жаңа технологияларды өндіретін елдер. Бұған қарап, дамыған елдер алдымен баланың адамдық қасиетін ашуға тырысатынын көреміз. Адамдық қасиетті ашатын нәрсе, ол — еңбек.

Ал бізде қалай? Бізде бала жақсы болу үшін жақсы оқу керек деген түсінік бар. Жақсы мектепте оқытсам балам жақсы болады екен деп ойлайды. Бірақ біз қолында бір емес бірнеше дипломы бар, алайда ешқандай жұмыс істей алмай отырған, бүгінгінің сөзімен айтқанда «диван адамдарын» қайдан шығардық сонда. Демек, жастайынан еңбекке баулымаған бала қанша білім алса да, бәрібір көп нәрсеге қабілетсіз болып шығады. Балабақша-



Фарида МЕРХАМИТҚЫЗЫ:

БІЗ ЖАҚСЫ АДАМ
ТӘРБИЕЛЕУІМІЗ КЕРЕК

рымды асыға күтетін 100 мыңға жуық тұрақты оқырманым бар. Тіпті кейбір лекция-сұхбаттарым 2 миллионнан аса қаралымға жетіп жатады. Бұл, шын мәнісінде, қоғамда осы тақырыпқа деген сұраныстың бар екенін көрсетеді. Әйтпесе, мен өз паракшамның танымалдылығы үшін әрекет етіп отырған жоқпын. Расында бұл жағында көптеген мәселелер бар. Бұрын Алматы қалалық мәслихатының депутаты ретінде де жұртшылықтың ішінде көп болдым, сол кезде де осыған көзім жеткен еді. Қазір айналысып жүрген ісімді өзіме бір табыс әкелетін іс ретінде емес, жұртқа, елге деген борышым ретінде істеп жүрмін, былайша айтқанда зекет ретінде. Әдетте «Инстаграм» секілді желілерді қолданатындардың көбі жастар, арасында жас ата-аналар да бар. Олар да бала тәрбиесі, отбасы тақырыбында өзінен бұрынғы буынның тәжірибесін алғысы, дұрыс бағыт тапқысы, баласына дұрыс тәрбие бергісі келеді.

— Осы тақырып бойынша тереңірек тоқталыңызшы. Отбасы, бала тәрбиесінде нақты қандай проблемаға тап келдік?

— Егер турасын айтқанда, бұл жағын кешіктірмей мемлекеттік деңгейде қолға алуға тиіспіз. Өзге елдерді алып қараңыз. Мысалы, Жапония, Германия секілді дамыған елдер бала тәрбиесіне, отбасындағы тәрбиеге айрықша мән береді. Жапонияның балабақшаларында барлық баланы еңбекке тәрбиелейді. Мектептерінде де сол. Министрдің баласы, байдың баласы деп мәміле жасамайды, бәріне бірдей мәміле, бірдей тәрбие. Ондағы берген тәрбиесі сол алдымен баланы адам ретінде тәрбиелеу, яғни еңбекке баулу. Әр кішкентай бала өз ісін өзі істеуге машықтанады. Германияда болса 18 жасқа

дан тартып бізде ана орталыққа, мына үйірге беріп, тіпті балаларға ойнауға да уақыт қалдырмаймыз. Осы арқылы баланы әлемде жоқ бір идеал адам жасағымыз келеді. Бірақ еңбекке баулымаған бала ертең ештеңеге қабілетсіз болып шығады, тіпті өмір сүрудің өзі оған машақат көрініп тұрады. Бұған қоса, қазір түрлі желілердің әсерінен жастар тек комфорт өмірді қиялдайтын болып барады. Барлық нәрсе оңай келетіндей көреді, қиялындағыдай бола салатындай көреді. Қолында қанша дипломы болса да бір жердің ортасын, бір жұмыстың жалақысын ұнатпайтын, сәл ғана жапа болса содан қорқып, баспай тұратын, нәтижесінде жұмыссыз масыл ұрпақтар көбейіп барады. Осының бәрі айналып келіп отбасындағы тәрбиеге келіп тіреледі.

Осыдан бұрын Президенттің кеңесшісі Мәлік Нұржанұлы Алматыда кездесу өткізіп, әр сала мамандарының ұсыныстарын тыңдады. Сонда да бұл мәселені мемлекеттік деңгейде жүйелі түрде қолға алу керек екенін жеткіздім. Тіпті осы арада балалар үйіне мемлекеттік қамқорлық дей отырып, қамқорлықты асыра қолданып жатқанымызды да айттым. Мемлекет қамқорлығының қалыптан тыс болуы білім саласында да бар. Қалалық мәслихаттың депутаты ретінде балалар үйлеріне барған кезімізде көрдік, қаладағы балалар үйінде мемлекеттік қамқорлықтың барлығы жасалған. Яғни кір жуатын, ыдыс жуатын электр жабдықтарынан тартып, тазалығын істейтін, тамағын жасайтын адамдарға дейін бар. Ал балалар ештеңе істемейді, тек оқу бағдарламалары мен спорттық жаттығуларымен ғана айналысады. Ертең осы балалар 18 жасқа асқаннан кейін бағанағы қамқорлықтың бәрінен алыстайды, ары қарай дербес өмір сүруге қабілетсіз

адам болып қалады. Бұл балалар үйіндегі ғана емес, көптеген отбасында да болып жатқан жағдай, ертеңгі үлкен қоғамдық проблема деген сөз. Баланы жақсы оқуға емес, алдымен жақсы адам болуға тәрбиелеу маңызды.

«ТӘРБИЕ – БАСТЫ НӘРСЕ»

— Сөз арасында артық мемлекеттік қамқорлық білім саласында да бар дегенді айтып қалдыңыз. Өзіңіз де жеке колледж арқылы білім саласында да еңбек етіп жатырсыз. Осы мәселені тарата кетсеңіз?

— Иә, біз қоғам болып, ата-ана болып, тіпті мемлекет болып баланы оқытамыз. Бірақ осы ұрпақты оқыту керек деп, кей нәрседе артық кетіп жатырмыз. Қарап отырсаңыз, 18-ге дейінгі балалар не мектеп, не колледж қабырғасында болуы тиіс. Мектепте біршама жақсы оқитын балалар тестке қатыстырылып, университеттерге қарай бағытталса, арада тұрған балаларды колледждерге қарай итереміз. Бұл балалар білім алмай қалмасын деп мемлекет гранттарды көбейтеді, шәкіртақылар тағайындайды. Енді сол тегін оқу мен шәкіртақыға не болған балалар дұрыстап та оқымайды, тіпті сабаққа да келмейді. Ата-анасы мемлекеттік грантпен оқып жатыр деп мәз, мемлекеттік гранттағы баланы оқудан шығару үлкен үрдіс, көп әурешіліктермен жүзеге асады. Сондықтан кейбір колледждер бұған көз жұма қарайды дегендей. Сонымен, бала не мектепте, не колледжде, не үйде емес, екі арада қалып, нәтижесінде мемлекеттің артық қамқорлығы керісінше әсер етіп жатыр. Жаңағы не білім алып, не жұмыс істеп, не отбасында болып тәрбиеленбеген нағыз өтпелі кезеңнің балалары түрлі ағым, келеңсіздіктерді оңай

қабылдап алады. Не жатып ішер жалқау, масыл ұрпақ болып қалуы мүмкін. Қысқаша айтқанда, мемлекет ақшасын төлеп тұрып жатып ішкерлерді тәрбиелеп жатырмыз. Иә, біз білім саласына барынша көңіл бөлген боламыз, білім беруге мән берген боламыз. Бірақ біз әлі Алаш арыстарының ағарту қозғалысы, яғни қараңғы қоғамды қалай сауатты, білімді етеміз деген кезеңінде әлі жүргендейміз. Біз ол заманда емеспіз ғой, біз қазіргі жаһандану кезеңінде ұлтты қалай сақтауымыз, ұрпақтарымызды қалай тәрбиелейміз деген кезеңге қарай өтуіміз керек.

«ДӘСТҮРДЕН
АЛЫСТАҒАНДА,
ОҢАНЫ ҚАЙСЫ»

— Әдетте отбасы не дәстүрлі құндылықтарды насихаттауға көп көңіл бөлінеді. Бірақ не үшін біз өз қоғамымызда жат құндылықтардың насихатынан жеңіліп қала береміз?

— Бұны айтсақ та, айналып келіп отбасы мен бала тәрбиесіне тірелеміз. Шынын айтсақ, қазаққа қазірге дейін бала тәрбиесінің жүйелі мектебі қалыптасқан жоқ немесе заманауи үлгісі жоқ. Әр ата-ана өз білгендерімен жүріп жатыр. Бәріне ортақ үлгі, бәріне бірдей әдісті қалыптастыра алмай отырмыз. Ұл-қыз деп бөліп, бірін артық көріп, бірін кемсіткен емес, бірақ ұл мен қызға берілетін тәрбиенің заманға сай үлгісі әлі де жоқ. Оларды ертеңгі үлкен өмірге тәрбиелеп, алдын ала дайындауға тиіспіз. Соңғы жылдары бұл тақырыптар бойынша жеке ізденістерге де бардым. Қорыта келе, елімізде мемлекеттік бағдарлама қабылдауы керек екен деп түйдім. Былайша айтқанда, балабақшадан тар-тып, жоғары оқу орындарына дейін

ұрпақты әуелі адами құндылықтарға қарай жетелейтін біртұтас тәрбие керек. Ал оқу бағдарламасы өз алдына, меніңше ол жағынан біз ешкімнен кем болып жатқан жоқпыз.

Әрине, әдетте кей жастарға дәстүріміздегі нәрселерді айтсаң, оны ескішілдік, заманға сай емес дегендей пікірлер айтып жатады. Ал сол дәстүр жаман болса, оны қабылдамағанда жақсы болып кеткендері қайда. Бүлінген отбасылар алимент төлей алмай жүрген жігіттер, тірі жетім өсіп жатқан балалар, мәселе толып жатыр. Міне, осының бәрін реттейтін мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс деп ойлаймын.

«ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП
ЖЕҢІЛ ЕМЕС»

— Енді әңгіме ауанын өз саланың қарай аударсақ. Ұлттық киім саласының беталысы қалай?

— Құдайға шүкір, қазір ұлттық киім ұлттық нышанға айналды. Осы салада еңбек еткен барлық әріптестерімнің еңбегі деуге де болады, ұлт санасында мызғымас орнын тапты. Дизайн, өндіріс жағында да ілгерілеушілік бар. Қазір ұзатылып бара жатқан қыздарымыз өзінің ұлттық киімін киюді қалайтын болды. Осының өзі үлкен жетістік, ары қарай қоғам мен еркін нарық өзі реттейді.

— Нарық демекші, жұрт арасында «ұлттық киім нарығын қырғыз ағайынға беріп қойдық» деген пікір бар, бұған не дер едіңіз?

— Бұның өзі сол нарық мәселесі, оның түбі барып отандық өндіріс саласындағы мәселелерге барып тіреледі. Өкінішке қарай, елімізде жеңіл өнеркәсіп саласында әліге дейін мемлекеттік қолдау бағдарламалары жетілмей келеді. Киім өндірісі бұл жеңіл өнеркәсіп, аты жеңіл болғанымен шын мәнінде жеңіл емес. Себебі, бұл сала көп еңбек күшін талап етеді. Өз нарығымызды түгел қамту үшін үлкен өндіріс керек, бірақ оған жекелеген адамдардың күші жете бермейді. Ұзағанда 200–300 адамдық өндіріс жасауға болады, оның өзі қиын шаруа. Ал табысты өндіріске жету үшін кемінде 500–600 адамдық өндіріс орны болуы тиіс. Бұған мемлекет қолдауынсыз жету қиын. Бұл салада сондай ауқымды өндіріске күш салып көргендер болды, бірақ еліміздегі еңбек күші мен өндіріс құнына байланысты көбі орта жолда тоқтап қалды.

Енді нарықты қырғыз ағайын алып жатыр дегенге келсек, олардың жеңіл өнеркәсіпін дамытуға арналған бағдарламалары болды. Яғни «нөлдiк НДС» болды, өзің өндіріп сатсаң болды, табыс салығына жеңілдік жасалды. Ал бізде өндіріп сату мен алып сатудың салығы бірдей. Әу баста 20 пайыздық салық болатын, кейін біртіндеп түсіріп келеді, қазір 12 пайыз болып тұр. Мінеки, осы арада өндіріс не, алып саттын не бірдей болып қалды. Тіпті шетелден арзан тауар әкеліп сатып жатқандар салығын қалай тапсырып жатыр, ол жағында да әңгіме көп, заңды табыс салығын төлеп отырса да жеке кәсіпкер ретінде қалай да төмен салық төлейді. Ал отандық жұмысшыларды істетіп отырған біз үшін шетелдік арзан тауармен нарықтық бәсекеге түсу қиынға соғады.

Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттен жеңіл өнеркәсіпке қамқорлық бүгінгі күнге дейін жасалмай келеді. Иә, төмен өсімді несиелер қарастырылған, бірақ соның өзі 8 пайызды құрайды, ал оған қол жеткізудің өзі қиын шаруа. Қытайда білесіз, 3 пайыздық несие өзің өндірушілер қымбатсынып алмайды, ал өндіріп шетелге сатсаң, 17 пайыз мемлекеттік субсидия қарастырылған. Біз кен байлығы мол еліміз, бірақ ол саланың бәрінде жалпы халық еңбек ете алмайды. Ал жалпы халық істейтін жеңіл өнеркәсіпті қолдай алмай отырмыз.

— Әңгімеңізге көп рахмет!

Әңгімелескен
Естай БОЖАН.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР

Диар ҚОНАЕВ,
«Әуезов үйі» ГМО-ның жетекшісі,
филология ғылымының кандидаты:

ҰЛЫ ҚАЛАМГЕРДІҢ ӘРБІР СӨЗІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫМЕН БІРГЕ ЖАСАУЫ ТИІС...

Ұстаз бен шәкірт арасындағы диалогтар ұлттық руханиятымызға қосылған құнды жәдігерлер

Мұхтар Әуезовтің Қайым Мұхамедхановты бала кезінен баптап, өзіне ғылыми тілші етіп алып, әдебиет әлеміне әуестендіріп, ғылымға баулығаны мәлім. Олардың бәрі көзіқарақты оқырмандар үшін үздік-үздік болса да белгілі. Дегенмен, аталмыш еңбекте жарық көрген жазушының өз аузымен айтылған, шәкіртінің қолжазбасында ғана сақталған мұрағаттық материалдар, нарратологиялық мәтіндер, шығармашылық шежірелер қазіргі мұхтартану үшін үлкен олжа, ұлт руханиятына қосылған құнды дүниелер.

1930 жылдардың аяғында Абай мұрасы, оның шәкірттері мен ізбасарларының шығармаларына жойылып кету қаупі туып, ақын сөздері бұрмаланып, шығармалары ғылыми тұрғыдан зерттелмей, қолжазбалары мен жеке заттары жоғалып, өмірінің куәгері болған қариялар қатары сиреп бара жатқанын сезген ұлы суреткер Мұхтар Әуезов шәкірті Қайым Мұхамедхановқа қолқа салып, нақты тапсырмалар берген. Ең бастысы, қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы Абай Құнанбаевтың жиналмай жатқан әдеби мұраларын ел ішінен жинау, жариялау жұмыстарын қолға алу үшін: «Абайдың тұңғыш мұражайын ашуға негіз қалауды, Абай шәкірттері мен ізбасарларының мектебін құруды және сақтауды, ойшыл-ақынның құнды сөздерін текстологиялық талдау әдісімен сақтап қалу» керектігін тапсырады.

1940 жылы М. Әуезовтің тікелей жетекшілігімен ақын мұражайына лайықты алғашқы ғимарат таңдалып, Ленинградтан келген кәсіби маман Борис Аккерманмен бірге Абай ауылын аралағанда 500-дей жәдігер табылған екен. Оларға ғылыми сипаттама беріліп, мұражай үшін тұңғыш «жолбасшы» құрал жазылып, нақты жұмыстар жүргізіле бастады. Бұл шын мәніндегі рухани құбылыс еді. («Памятка для посетителя музея Абая». Литературно-мемориальный Музей Абая». Алматы, 1960 г.).

Мұхтар Әуезов пен шәкірті, рухани серігі болған Қайым Мұхамедхановтың арасындағы әдеби, ғылыми дискурс мәселелері – бүгінгі мұхтартанудың зерттелуге тиісті өзекті әрі маңызды тақырыптарының бірі. Осы күнге дейін жарық көрмеген, өзінің жеке архивінде сақталған Қайым Мұхамедхановтың Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты қаншама тарихи құжаттар Дина Мұхамедхановтың «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и Ученик: Мухтар и Каюм (қазақ және орыс тілдерінде)» (Алматы, 2023. – 336 бет, суретті) атты еңбегінде әдеби айналымға енген. Кітаптағы ұлы ұстаз бен шәкіртінің арасындағы диалогтар уақыт сынына қарамай әлі де маңызды әрі құнды. Біз үшін Әуезовтің әрбір сөзі ұлттық руханиятқа қосылған жақсы жәдігер.



Абайдың өмірі мен шығармашылығына тікелей қатысы бар ерекше құнды қолжазбаларды, мұрағаттық, фольклорлық материалдарды жинақтап, жеке шығармашылық тұлғаға арналған қазақ руханиятындағы алғашқы мемлекеттік музейдің ұйымдастырушы әрі басшысы болған Қ.Мұхамедхановқа ұстазы үнемі бағыт-бағдар беріп отырған. Қазақ мәдениетінде ерекше тарихи орны бар мұражайдың негізін қалаған бірден-бір маман Қайымның ғана басқаруға моралдық құқығы барлығын айтып, демеп, қолдау мен қамқорлық көрсеткен. Осы тақырып төңірегіндегі ұстаз бен шәкірттің бірнеше қолжазба қорына айналған папкаларындағы ресми, ресми емес ақпараттар мен түпнұсқа жазбаларын жанкештілікпен зерделеп, мұқият жүйелеген автор ақынның әрбір мерейтойына қатысты құнды қолжазбаларды, іссапарлар туралы куәліктерді тізіп келтіре отырып, екі ұлы тұлғаның еңбектеріне жан-жақты талдау жасайды. Сол арқылы Абайдың өмірі мен шығармашылығына тікелей қатысы бар ерекше құнды қолжазбаларды, мұрағаттық,

фольклорлық материалдарды жүйелеп, жариялап, ғылыми айналымға ендірген. Осы ретте ол әкесі Қайымның: «Материалдар жоқ, экспонаттар жоқ. Музейді қалай құру керек?» деген сауалына орай Мұхтар Әуезовтің ерекше бағыт-бағдар беріп отырғанын еске алады.

1940 жылы Абай музейін құру туралы үкімет қаулысына сәйкес шұғыл шаруалар жүргізіліп, жанкештілікпен Б.Аккерман, фотограф Долгунин үшеуі күн-түн демей сапарға шығып, шалғай ауылдағы ақынның замандастарымен кездесіп, естеліктерін, ол тұтынған заттарды жинап, құнды қолжазбаларды қолмен жазып алғаны жөнінде қаншама құнды тарихи деректер келтірілген еңбекте. 24 жасында республикамыздағы жеке шығармашылық тұлғаға арналған мұражайда тұңғыш рет экскурсия жүргізген Қайым Мұхамедхановтың қайраткерлік қайсарлығы мен білім-қабілеті архивтік жазбалар арқылы дәріптеледі. Мұражайда Қайым Мұхамедхановтың бастамасымен Абай университеті ашылып, оның тұрақты ректоры болуы да бүгінгі жастарға үлгі болса керек.

«Абай ұлдарымен, бір суреттің тарихы» деген тарауда 1941 жылы Қайымға Мұхтар Әуезов «Абайдың қасиетті тарихи фотосы» деп, Абайдың балалары – Ақылбаймен және Тұрағұлмен түскен суретін көрсетеді. Ұстаз бен шәкірт арасында осы кездесуде өрбіген екеуара диалог та бүгінгі мұхтартану үшін тың дүниелер.

Диалогта абайтану мен мұхтартану мамандары үшін қаншама құнды тарихи деректер бар.

Осындай ойлы естеліктердің бірі шәкірт-

тің нарратологиялық мәтіні арқылы беріледі: «...1939 жылы Қазақстан жазушыларының екінші сиезіне Семейден делегат болып Алматыға келдім. Сиез жұмысы 21 июнь (маусым) күні басталып, жеті күнге созылды. Сиездің 23 июнь күнгі кешкі мәжілісі Абайдың дүниеден қайтқанына 35 жыл толған күнін еске алуға арналған еді. Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы Мұхтар Әуезов қазақша және орысша екі тілді баяндама жасады.

Сиезден соң Мұханның үйінде 4-5 күндей болдым. Бұл жолы құрқол келгем жоқ. Көкбайдың оншақты өленін, «Сабалақ» атты Абылайхан туралы дастанын және Әріп ақынның көп өленін ала келген едім. Мен әкелген өлеңдермен Мұхаң бұрын таныс емес екен. Бірге оқып шықтық. Мұхаң қатты риза болып, көңілденіп: «Бәрекелді, міне, жақсы жұмыс бастапсың. Осы бетіңмен жинай бер. Абай шәкірттерінің шығармаларын біршама жинақтап алған соң, олардың өмірбаянын жазып, шығармаларына әдеби талдау жасау қажет. Сенің бұл еңбегің түбінде – «Абай мектебі», дәлірек айтқанда, «Абайдың әдебиеттік мектебі» деп аталуы керек», – деді. Кітапта бір бұл емес, М.Әуезовтің жетекшілігімен ұзақ жылдар бойы ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізген шәкірттің шабытына ие бола алмай айтағын нарратологиялық естеліктері шаш-етектен екендігі де сөзсіз. Автордың айтуынша, олардың бәрін, әрине, бір кітап көлеміне сыйдыру мүмкін де емес. Құнды қолжазба қорының алтын қазынасының аузы әлі толық ашылмаған сыңайлы. Мүмкін олар келешектің еншісіндегі жұмыстар болса керек.

Туындының өн бойында желісін үзбей жалғасып келе жатқан ұстаз бен шәкірттің диалогын автор нақты мәтіндермен, архивтік құжаттармен толықтырып, өз сөзін нақты мысалдармен дәйектеп, дәлелді келтіреді. Қайымның жеке мұрағатындағы жазбалар, түртпе тіркестер, оқшау ойлар, үзік-үзік түскен жазбалар әлі зерттелер, жариялануға тиісті қолжазбалар қоры бар екендігінен ақпарат береді. Бұрындары жарияланбаған екі тарихи тұлғаның сұхбатынан сыздыктатып сыр тарта отырып, М.Әуезовтің айтқан әрбір ескертпелерін еске ала отырып, бүгінгі күн талабы тұрғысынан интерпретациялайды.

Осындай диалогтар негізінде туындаған әдеби деректер Қайым қолжазбаларындағы Әуезов әлемін жаңа бір қырынан тануға болатынын, ондағы жазушы мұраларына түскен

текстологиялық түзетулер, белгілер, жазбалар мұхтартануды тың мәліметтермен, жаңа ақпарат ағынымен таныстыратынын, оның ғылыми-шығармашылық өмірбаянын қордаландыра түсетінін танытады.

Өз істері мен ұстанымдарына сенген, мақсат-мұраттарына, тақырыптарына, мамандықтарына адал тұлғалар қандай қиындықта да бір-біріне қолдау көрсетіп, рухани медет бола білген.

Жалпы, «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым» атты бұл еңбек «ұлы қаламгердің қолынан шыққан әрбір сөз қазақ тарихымен бірге жасауы тиіс» қағидасын тұжырымдауымен де құнды.





● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР

Ел Президентінің тапсырмасы мен ҚР Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жүзеге асырылып жатыр.



(Сурет: ашық дереккөзден алынды)



Рая
ЕСКЕНДІР

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында Лотарингия университеті (Université de Lorraine, Франция) мен Абай атындағы ұлттық университет базасында құқық, педагогика және мемлекеттік басқару саласындағы филиалы құрылатын болды.

Сондай-ақ, шетелдік жоғары оқу орындарымен стратегиялық әріптестік шеңберінде Қазақстан техникалық оқу орындарын құруға басымдық берілетін болды.

Abai University базасында құқық, педагогика және мемлекеттік басқару саласында Лотарингия университетінің филиалын құру үшін университет ректоры Болат Тілеп пен Лотарингия университеті Президентінің тапсырмасы бойынша құқық, экономика және мемлекеттік басқару институтының директоры Пьер Тифин қол қойды.

Француз университетімен стратегиялық әріптестік шеңберінде педагогика, халықаралық құқық және мемлекеттік басқару саласындағы бакалавриат пен магистратураның қос дипломы бағдарламалары, сондай-ақ білім алушылардың академиялық ұтқырлығы, оның ішінде Эразмус+, бірлескен зерттеу және білім беру жобалары шеңберіндегі ғалымдардың ынтымақтастығы, «Абай-Верн», Болашақ «500 ғалым» стипендиялық бағдарламаларына қатысу көзделіп отыр.

Қазақстан мен Ресейдің жоғары оқу орындары бірлескен ғылыми, ғарыштық зерттеулердің жаңа бағдарламаларын іске қосуға ниетті.

Сондай-ақ, жасанды интеллект бойынша да ірі жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Бүгінде Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының жеті филиалы ашылған. Кей филиалдар ұлттық ғарыш орталығы мен «Бәйтерек» зымыран кешені және «KazSat» жерсерігі сияқты жобаларға мамандар дайындайды.

Тараптар саланың алдағы міндеттерін ескере отырып, филиал бағдарламаларын жанарту туралы шешім қабылдады. Студенттердің алғашқы тобы оқуларын қыркүйек айында бастайды. Түлектерге екі диплом беріледі.



Суреттерді түсірген Қарат ҚОНЫСБАЕВ

● УТИЛЬАЛЫМ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТТІ

Алып шаһарымызда утиль алымы мәселелері жөніндегі петиция бойынша қоғамдық тыңдаулар өтті. Оларға ҚР ӨҚМ, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, салалық қауымдастықтардың, көлік өндірушілердің өкілдері, Парламент депутаттары, белсенділер мен қоғам белсенділерінің бастамашыл тобы қатысты.



Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараны ашқан модератор, депутат Олжас Куспеков утиль алымы мәселелері бойынша петицияны қарау жөніндегі Жұмыс тобы екі отырыс өткізгенін, оның ішінде Қостанай қаласында бір отырыс өткенін, оған петиция бастамашылары қатысқанын еске салды. Бұл ретте алғашқы отырыс өткізілмеді. Сонымен қатар, Жұмыс тобы «Hyundai Trans Almaty», «Агромаш-Холдинг КЗ» АҚ және «Allur» зауыттарында болды. Семейдегі «Daewoo Bus Kazakhstan» және «СемАЗ» зауыттарына және Көкшетаудағы «КамАЗ-Инжиниринг» зауытына сапарлар жасады, бастамашы топ оған қатысудан бас тартты.

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі интеграция және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Әділбек Бектібаев «Утиль алымына жоқ» қозғалысы 2019 жылдың желтоқсанында құрылғанын, алайда автокөліктерге утиль алымы үш жыл бұрын енгізілгенін атап өтті. 2019 жылы утиль алымы ауыл шаруашылығы техникасына енгізілген.

«Утиль алымына қарсылардың негізгі шағымдарының бірі автокөлік өндірушілері КТС төлемейді деген айыптау болды. Дегенмен, соңғы бес жылда автомобиль өнеркәсібі кәсіпорындары КТС-ті қосқанда бюджетке 116 млрд теңге салық түсірген. Қазақстандық автоөндірушілерге халықаралық стандарттарға сәйкес келетін нақты локализация талаптары қойылып, өнеркәсіптік құрастыру бойынша келісім-шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуы және автоөндірушілердің салық және кеден заңнамасын сақтауы ҚР ӨҚМ, ҚР ҚМ мемлекеттік кірістері жариялайды және басқа да уәкілетті органдардың тұрақты бақылауында», – деді Ә.Бектібаев.

Ол сондай-ақ, белсенділердің «утиль алымы олигархтардың қалтасына түседі» деген сөзін жоққа шығарды. ӨҚМ өкілінің айтуынша, «Жасыл даму» АҚ барлық қызметі туралы есептерді, соның ішінде аудиттен өткен қаржылық есептілікті жариялайды. Осылайша АҚ жұмысы айқын және ашық.

Ә.Бектібаев бастамашы топтың Қазақстанның автомобиль өнеркәсібіне қатысты, оның экономикалық тұрғыдан тиімсіз және дұрыс дамымай жатқандығы туралы мәлімдемелеріне де қарсы дәлелдер келтірді: «Тек 2023 жылы Қазақстанда 150 мыңға

жуық автокөлік шығарылды, 2022 жылмен салыстырғанда бұл 30%-ға өсті.

Автокөлік өнеркәсібін дамытуға келетін болсақ, жеке Kia зауытының құрылысы 2025 жылы аяқталады, Skoda брендімен Volkswagen тобы 2024 жылдың басында, бірінші тоқсанда өндірісті ұйымдастырады. 2025 жылы Қытайдың Chery, Naval, Changan көліктерін шығаратын мультибрендті зауыт іске қосылады.

2025 жылдың соңына дейін жинақтаушы бұйымдарды өндіру бойынша 10 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда, нәтижесінде өндірілген өнімнің өзіндік құны төмендейді. Жаңа жобаларға салынған инвестицияның жалпы көлемі 760 млрд теңгеден асады, оның ішінде автомобиль бөлшектеріне 403 млрд теңге».

Сонымен қатар, Әділбек Бектібаев үшінші елдерден автокөлікті заңсыз әкелуге жол бермеу мақсатында ҚР ӨҚМ тарапынан үшінші елдерден көліктерді заңсыз әкелуге жол бермеу туралы ұсыныстарын айтты. Бұл шаралар РОП Операторы қызметінің ашықтығын арттыруға, ескі техниканы утилизацялаудың жаңа бағдарламасын іске қосуға, ТР КО 018/2011 өзгертулер енгізуге, автомобильдердің импортын бақылауға, сондай-ақ үшінші елдерден әкелінетін көлік құралдарының сәйкестігін бағалауға неғұрлым қатаң критерийлерді белгілеуге бағытталған.

1. РОП Операторы қызметінің ашықтығы: РОП Операторының қызметі туралы жыл сайынғы есептерді Smart Data Ukmet платформасында жариялау.

2. Көлік құралдарын утилизацялау бағдарламасы: ақшалай өтемақы бере отырып, ескі автокөліктер мен ауыл шаруашылығы техникасын утилизацялаудың жаңа бағдарламасын іске қосу.

3. ТР КО 018/2011 өзгертулер: ЕАЭО аумағына 7 жылдан асқан автокөліктерді әкелуге тыйым салатын өзгерістер.

4. Автокөліктердің импортын бақылау: Жеке тұлғаның жеке пайдалануға арналған автокөліктерді жыл ішінде 1 бірліктен артық мөлшерде әкелуге тыйым салуды белгілеу.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына өзгерістер: ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттерде үшінші елдерден әкелінетін көлік құралдарының сәйкестігін бағалауға жол бермеу.

6. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің бұйрығына өзгерістер: СБКЖ сертификаттарын беру

кезінде аккредиттелген сынақ зертханаларының қызметіне бақылауды күшейту.

7. Сәйкестікті растау құжатты жоқ көлік құралдарына қатысты шектеу шаралары: тіркеуге тыйым салу немесе тіркеуді жою және көлік құралына тыйым салу сияқты жедел әрекет ету шараларын қолдану.

Бұл шаралар әділ бәсекелестік ортаны құруға және автомобильдердің заңсыз әкелінуіне жол бермеуге бағытталған, бұл Қазақстанның экономикасы мен қоршаған ортасын қорғауға көмектеседі.

Экология вице-министрі Жомарт Әлиев утиль алымынан түскен қаражат бірінші кезекте экологиялық мәселелерді шешуге бағытталғанын түсіндірді. Осылайша Қазақстанда жыл сайын өздігінен 5,5 мың коқыс орындары қалыптасады, бұл олардың жанында тұратын азаматтардың денсаулығына әсер етпей қоймайды.

ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов өз сөзінде ауылшаруашылық техникасына утиль алымы ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының өсуіне әсер етпейтінін тағы да баса айтты. Бұл ретте отандық өндірушілердің қолдауы қазақстандық фермерлерге ауыл шаруашылығы техникалары паркін жанартуға көмектеседі.

«Бұған дейін жылына орта есеппен 4200 трактор сатып алынса, оның 30–60%-ы Беларусь елінде жасалған доңғалақты тракторлар болатын. Утиль алымы Беларусь тракторларының Қазақстанға әкелінуіне кедергі болды. Нәтижесінде олардың өндірісі Қазақстан Республикасындағы үш зауытқа берілді. Негізі сатып алынған көлем осы жерден шығарыла бастады. Ал көлемдер төмендеп қана қоймай, тіпті өсті. Бұған инвестициялық субсидиялар түріндегі мемлекеттік қолдау шарасы ықпал етті. Жалпы, талдау утиль алымын енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өндірісі үшін теріс салдарлардың анықталмағанын көрсетті», – деді А.Сұлтанов.

Министрліктердің тұсаукесерінен кейін утиль алымына қарсы Владимир Дворецкий мен қоғамдық және салалық кәсіподақ өкілдері арасында шағын пікірталас өтті. Әкінішке қарай, Дворецкий мырзаның толық ақпараты болмағандықтан өзіне қойылған сұрақтарға жауап бере алмады.

Талқылау қорытындысы бойынша Әділбек Бектібаев петиция шешімінің алдын ала жобасын ұсынды. «Петицияда көрсетілген уәждердің шындыққа жанаспайтынын ескере отырып, сондай-ақ шешім жобасын жария талқылау барысында қосымша негіздемелер ұсынылмағанын ескере отырып, петицияны қанағаттандырудан бас тарту ұсынылады. Түпкілікті шешім ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 90-6-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданатын болады», – деп айтты ол.

Іс-шара соңында Олжас Куспеков тыңдауларды қорытындылап, белсенді қатысқандар үшін алғыс білдірді.

ФУТБОЛ

Испания Еуропа чемпионатында 4-ші мәрте жеңімпаз атанды.

ИСПАНИЯ – ЕУРОПА ЧЕМПИОНЫ!

Испания – футболдан Еуропа чемпионатында 4 мәрте жеңімпаз атанған алғашқы құрама. Испан футболшылары бұған дейін 1964, 2008, 2012 жылдары «кәрі құрлықтың» басты жарысында жеңімпаз болған еді.

Испания құрамасы финалда Англияны 2:1 есебімен жеңді. Матчтың бірінші жартысы тең өткенімен, екінші таймның басында Нико Уильямс көзге түсіп, 47-минутта испаниялықтарды алға шығарды. Ойынның 70-минутында алаңдағы Кобби Майнуды алмастырған Коул Палмер үш минуттан соң, дәл соққымен есепті теңестірді. Ал кездесудің 86-минутында алаңға қосалқы құрамнан қосылған Микель Оярсаль гол соғып, Испания құрамасы тағы да көш бастады. Испан шабуылшысының добынан кейін есеп өзгермеді. Осылайша Луис де ла Фуэнте шәкірттері Еуропа чемпионы атанды.

Жалпы Испания құрамасы жарыс жолына шағын шолу жасап өтсек, В тобында сынға түскен испаниялықтар Хорватиядан

3:0, Италия мен Албаниядан 1:0 есебімен басым түсті. Одан кейін 1/8 финалда Грузияны 4:1, ширек финалда Германияны 2:1, жартылай финалда Францияны да дәл сондай есеппен жеңді.

Ал Англия құрамасы өзінің бас бапкері Гарет Саутгейтпен бірге осымен екінші рет Еуроның финалына жетіп сүрінді. 2020 жылы Саутгейт шәкірттері «кәрі құрлықтың» үздік командасы атағына Италиямен таласқан болатын. Бұл матч негізгі уақытта 1:1 есебімен аяқталып, пенальти бойынша (3:2) италиялықтар жеңіске жеткен.

Айта кеткен жөн, Еуропа чемпионаты 1960 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Қазірге дейін тек 10 мемлекеттің командалары жеңімпаз атана алған. Олар: Испания – 4 (1964, 2008, 2012, 2024), Германия – 3 (1972, 1980, 1996), Италия – 2 (1968, 2020), Франция – 2 (1984, 2000), Португалия – 1 (2016), Грекия – 1 (2004), Дания – 1 (1992), Нидерланд – 1 (1988), Чехословакия – 1 (1976), КСРО – 1 (1960).

ПАРИЖ–2024

АЛМАТЫДАН АТТАНАДЫ

XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына Ұлттық құраманың алғашқы легі Алматыдан аттанады.

Спортшыларымызды шығарып салу рәсімі 17 шілде күні сағат 11.00-де, Алматы облысы, Қарасай ауданындағы Олимпиадалық даярлық орталығында өтеді. Қазіргі уақытта бұл орталықта дзюдо, жеңіл атлетика, еркін күрес, оқ атудан спортшыларымыз дайындықтан өтіп жатыр.

Айта кеткен жөн, бүгінде қазақстандық

спортшылар Олимпиадаға іріктеу турнирлерін толық аяқтады. Франция астанасында спорттың 25 түрінен 80 жерлесіміз ел намысын қорғайды. Жалпы, Парижде өтетін XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына 205 елден 10 500 спортшы қатысады деп жоспарланған. 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

- Бокстан Қазақстан ерлер құрамасы Олимпиадаға толық құрамда барады.
- Бокстан Қазақстан әйелдер құрамасы тұңғыш рет жазғы ойындарға үш спортшыны апарады.
- Брейкинг пен бадминтоннан Қазақстан тұңғыш рет Олимпиада жолдамасын иеленді. Брейкингтен Амир Закиров, бадминтоннан Дмитрий Панарин ел намысын қорғайды.
- Әйелдер күресінен Қазақстан командасы тарихта тұңғыш рет Олимпиададан сырт қалды.
- Семсерлесуден Қазақстан құрамасы тарихта тұңғыш рет командалық жарыста бақ сынаиды.
- Қазақстан тұңғыш рет гимнастиканың үш түрінен (батуттық, спорттық және көркем) жазғы Олимпиадада сынға түседі.
- Нысана көздеуден Қазақстан командасы тұңғыш рет алты спортшыны Олимпиадаға апарады.
- Париж Олимпиадасына қатысатын 80 қазақстандық спортшының ішінде 54 атлет жазғы ойындарға тұңғыш рет қатысқалы отыр.
- Қазақстан олимпиадалық құрамасының сапында жазғы ойындарға төртінші рет қатысатын екі спортшы бар. Олар – жеңіл атлет Ольга Сафронова мен академиялық есу шебері Владислав Яковлев.
- Елдос Сметов (дзюдо), Кирилл Герасименко (үстел теннисі) және Елена Потапенко (қазіргі бессайыс) Олимпиада ойындарына үшінші рет қатыспақ.
- 21 спортшы өз мансабындағы екінші Олимпиадаға аттанады.

COPA AMERICA



АМЕРИКА МЫҚТЫСЫ!

Америка Құрама штаттарында өткен Сора Америка турнирінің финалында Аргентина құрамасы Колумбияны 1:0 есебімен жеңіп, Америка құрлықтарындағы үздік команда атанды.

ФИНАЛИССИМА 2025 ЖЫЛЫ ӨТЕДІ



Испания және Аргентина құрамалары футболдан 2025 жылы Финалиссима турнирінде кездесетін болды.

Финалиссима – Еуропа чемпионаты мен Америка кубогында жеңімпаз атанған құрамалар кездесетін турнир. Бұл турнир 1985 жылы алғаш рет өткізілді.

Ол уақытта Артемио Франки кубогы деп аталатын еді.

Алғашқы жылы 1985 жылы Франция құрамасы Уругвайды 2:0 есебімен тізе бүктірді. Одан кейін 1993 жылы Аргентина Даниямен негізгі кезеңде 1:1 есебімен тең түсіп, пенальтилер сериясында 5:4 есебімен жеңді. Финалиссима 2022 жылы Аргентина Италиядан 3:0 есебімен басым түсті.

BASKETБОЛ

ӘЛЕМДІК ТУРНИР ӨТТІ

Алматы алғаш рет баскетболдан әлемдік турының кезеңін қабылдады.



Демалыс күндері Республика сарайының алдында FIBA 3x3 баскетболынан әлемдік турдың кезекті кезеңі өтті. Бұл жарысты Қазақстан алғаш рет ұйымдастырып отыр.

Халықаралық баскетбол федерациясының спорттық күнтізбесіндегі беделді жарысқа 12 команда қатысты. Оның ішінде отандық командалар да бар: «Алматы» және «Атырау», сондай-ақ сербиялық «Уб», «Партизан», моңғолиялық «Завхан», австриялық «Вена», қырғызстандық «Бішкек», литвалық «Раудонварис», пуэрторикалық «Сан-Хуан», швейцариялық «Лозанна» және Бахрейннен келген «Рифа».

Мұндай беделді додаға бірінші рет қатысқан отандық командалар Алматыда өткен

жарыс нәтижесі бойынша плей-офф кезеңіне өте алған жоқ.

Айта кеткен жөн, 3x3 баскетбол – 1950 жылдары АҚШ-тың кедей аудандарында пайда болған баскетбол түрі. Әдеттегі баскетболдан айырмашылығы – ойынға 3 адам ғана қатысып, алаңның жартысында ғана ойнайды. Сақина тек біреу ғана болады. 2010 жылдан бастап 3x3 баскетбол спорттың олимпиадалық түрі саналады. Ал World Tour 3x3 FIBA – ерлер арасындағы баскетбол командаларының қатысуымен өтетін халықаралық турнир. Оған түрлі қалалар қатысады.

Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [aqshamnews.kz](#) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 5 айға – 2680,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 5 айға – 3680,60 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 5 айға – 1680,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

БӘРЕКЕЛДІ!

БАЙ БОЛСАҢ, ЕЛІҢЕ ПАЙДАҢ ТИСІН

Елімізде қалталы азаматтардың «Атымтай жомарты» да, шық бермес Шығайбайы да жетіп-артылады. Олардың бет-бейнесі ел басына күн туып, толарсақтан су кешкен кезде белгілі болды.

Күні кеше еліміздің батысын су басып, халқы үдере көшкен кезде ақшалы азаматтардың бәрі болмаса да, біразы қарап қалмады. Солардың бірегейі – белгілі кәсіпкер Кеңес Рақышев пен эколог Әсел Тасмағамбетованың бастамасымен 2002 жылы құрылған «Сәби» қоры. Аталмыш қор осынау қиын кезде бүкіл жиған-тергені мен мал-мүлкі суға кеткен мыңнан астам Күлсары тұрғындарына 2,2 миллиард теңге аударып, зор көмек көрсетіп отыр. Халқымыз «Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін, бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін» деген тәмсілді осындайда айтса керек.

КОМИТЕТ

Судың «қара нарығымен» күресті күшейту мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігінде жаңа ведомство – Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті құрылды.

ЖАҢА КОМИТЕТ ҚҰРЫЛДЫ

Жаңа комитет суды заңсыз пайдалану және оны есепке алу деректерінің бұрмалануы, сондай-ақ еліміздің су нысандарындағы құқыққа қайшы шаруашылық қызметпен күреседі.

«Министрлік суды заңсыз пайдаланумен белсенді күрес іс-шараларын қолға алды. Бұл мәселе ерекше бақылауда. Жаңа комитеттің жұмысы құқық бұзушылықтардың алдын алуға және еліміздің су ресурстарын қорғауға бағытталған. Бұл жұмыстар заңнамаға енгізілетін өзгерістермен бірге судың «қара нарығына» қарсы күресті едәуір күшейтуі тиіс», – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

ЖАРНАМА

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына

2024 ж. 17 шілде, сағат 6.00-ден сағат 7.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Алғабас» ықш.ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Төле би к., 308-үй Ду1000 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш.ауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш.ауданы, «Аксай-3», «Аксай-3 А» ықш.ауданы, «Аксай-3 Б» ықш.ауданы, «Аксай-2» ықш.ауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді 8 (727) 227-70-21 телефоны бойынша алуға болады .

БАҒА

Әншейінде нан алуға ақшасы болмай жүретін кейбір «шылымқорларға» енді қиын болатын сыңайлы. Неге десеңіз, темекі қымбаттап жатыр. Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, 15 шілдеден бастап «Сүзгісі бар, сүзгісі жоқ темекілерге, папиروстар мен сигариллаға және қыздырылатын темекі бұйымдарына ең төменгі бөлшек бағаны белгілеу туралы» өзгертілген бұйрық күшіне енді.

ТЕМЕКІНІ ТАСТАҢЫЗ, ЖАҢА ӨМІРДІ БАСТАҢЫЗ!



(Сурет: ашық дереккөзден алынды).

Осылайша ең төменгі бөлшек бағалар қолданылып, сүзгісі бар, сүзгісі жоқ 20 (жиырма) папирустар, сигариллаларға және қыздырылатын темекі бұйымдарына 2024 жылғы 15 шілдеден бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда – 820 теңге, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 870 теңге болып белгіленді. Енді өзіңіз күніне екі қорап темекі шегетіндердің бір айда қанша ақша жұмсайтынын есептей беріңіз. Ең тиімдісі – темекіні тастау, денсаулықты сақтау!

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.




БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨНІ

«МАҒАН КӨМЕК КЕРЕК»

немесе ым да адам өмірін құтқарады

Екіншіке қарай, ала-құла осынау өмірде, айналамызда келеңсіз түрлі жағдайлар орын алып жатады. Соның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық та, балаларға көрсетілетін әлімжеттік те, арам ойлылардың жағымсыз әрекеттері де аз емес. Егер сондай шарасыз күйде қалсаңыз, айналаңызға қауіп-қатерде тұрғаныңыз туралы үнсіз-ақ хабар беретін қарапайым ғана белгілер бар, соны біле жүріңіз дейміз.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

(Сурет: ашық дереккөзден алынды.)

Канаданың әйелдер құқығын қорғайтын қор өкілдері ойлап тапқан. Сөйтіп, оны TikTok желісі арқылы таратып еді, мың-миллионнан астам қаралым жинап, тіпті жер-жерде осы белгіні көрсетіп, аман қалып жатқан адамдар көптеп санала бастады.

Мәселен, АҚШ-та 16 жастағы жасөспірім қыз дәл осы белгінің арқасында отбасына аман-есен оралған. Оның із-түзсіз жоғалып кеткені туралы ақпараттың полиция үстелінде жатқанына екі-үш күн өткен. Өз шаруасымен көшеде келе жатқан әлдебір жолаушы жол үстіндегі қара көліктің артқы орындығында отырған бір қыздың әлгі

TikTok-та танымал болып жатқан алақан белгісін көрсетіп бара жатқанын байқайды да, дереу полиция нөмірін терген екен. Жоғалып кетті деген қыз шынымен де арам ойлы бейтаныс еркектің көлігінде отырған болып шығады. Сөйтіп, жергілікті полиция жасөспірімді ұрлаған 61 жастағы ер адамды құрықтаған.

Иә, қазіргі күні бұл көмек сұрау белгісі туралы біздің елдегі мектептерде де оқушыларға ашық сабақтарда айтылып жүргені құптарлық. Басына қауіп-қатер төнген әйел-аналар мен балаларға бұл қарапайым жест үлкен көмек болып тұрғанын да айтып отыр

сарапшылар. Тіпті, шетелдің кейбір мейрамханаларында «такси шақыртып берсеңіз», «есік көзіне дейін шығарып салыңызшы», «полицияға хабар берсеңіз» сынды мәтіндер жазылған «Ас мәзірі» секілді бөлек кітапша болады екен.

Мазасын алып отырған серігінен тезірек құтылу үшін даяшыға ымдаса болғаны, өзгеше «ас мәзірін» алдына ұсына қояды. Сондай-ақ, әйелдер әжетханасында дәмхана қызметкерлерінен қалай көмек сұрауға болатыны туралы мәтіндер жазылған тактайшалар да ілініп тұрады екен.

Қалай десек те, басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын!

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.